

САЙЛАУДЫ БАЙҚАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МИССИЯ

Қазақстан Республикасы – Мерзімінен бұрын парламенттік сайлау, 23 тамыз 2026

АЛДЫН АЛА ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ТҰЖЫРЫМДАР ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

АЛДЫН АЛА ТҰЖЫРЫМДАР

23 тамызда өткен мерзімінен бұрын парламенттік сайлау техникалық тұрғыдан жақсы дайындалғанымен, саяси плюрализм жоқ жағдайда өтті. Айқын саяси баламалардың болмауы саяси таңдау мүмкіндігін шектеді, ал сайлауға қатысқан барлық партия қазіргі Президенттің саясатын қолдады. Науқан ұйымдасқан түрде өтті және сайлауға қатысқан партияларға үгіт жүргізу үшін тең жағдай жасалды, алайда жаңадан құрылған «Әділет» партиясы негізсіз артықшылыққа ие болды. Сайлау әкімшілігі сайлауға қатысқан партиялардың сеніміне ие болды, дегенмен оның шешім қабылдау процесінің ашықтығы шектеулі болды. Сайлау қарсаңында қоғаммен шектеулі консультациялар өткізіле отырып, елеулі өзгерістер енгізілген құқықтық негіз демократиялық сайлаудың халықаралық стандарттарына сәйкес келмейтін, соның ішінде саяси қатысуға байланысты негізгі құқықтарға қатысты бірқатар ережені қамтиды. Әйелдердің өкілдігі айтарлықтай төмен күйінде қалып отыр. Сайлаушылар бірқатар бұқаралық ақпарат құралына қол жеткізе алғанымен, медиа плюрализмі шектеулі болып қалды және бұқаралық ақпарат құралдарына қойылған шектеулер мен журналистерге көрсетілген қысым алаңдаушылық туғызды. Байқаушылар мониторинг жүргізген бұқаралық ақпарат құралдары сайлауды редакциялық және талдамалық тұрғыдан жеткіліксіз жариялады, бұл сайлаушылардың саналы таңдау жасау мүмкіндігін төмендетті. Халықаралық сайлауды байқау миссиясының (ХСБМ) байқаушылары сайлау учаскелерінің ашылуы мен дауыс беру барысын басым көпшілігінде белгіленген рәсімдерге сәйкес өтті деп бағалағанымен, байқау барысында тіркелген сайлаушылар белсенділігі мен дауыс беруге қатысу туралы ресми деректер арасындағы елеулі айырмашылықтар, сондай-ақ дауыстарды санау кезіндегі елеулі рәсімдік бұзушылықтар сайлаушылардың дауыс беруге қатысуы туралы есептілік пен дауыстарды санау процесінің адалдығына қатысты сұрақтар туғызды.

Жаңа Конституция қабылданғаннан кейін онда көзделген институционалдық және сайлау саласындағы өзгерістерді ескеру мақсатында сайлау заңнамасының негіздері қайта қаралды. Көптеген түзетулерге қарамастан, құқықтық негіз бірқатар халықаралық стандарттар мен демократиялық сайлауға қатысты ЕҚЫҰ міндеттемелеріне әлі де сәйкес келмейді. Атап айтқанда, ол сайлау құқықтарына және сайлау нәтижелеріне шағымдану үшін сотқа жүгіну құқығына кейбір негізсіз шектеулерді, сондай-ақ сайлау науқанын қаржыландыру есептілігі мен адалдығын қамтамасыз ететін жеткілікті кепілдіктердің болмауын қамтиды. Түзетулер сайлауға аз уақыт қалғанда қабылданды, ал оларды қабылдау процесінде қоғаммен консультациялар өткізу мүмкіндігі шектеулі болды, бұл халықаралық озық практикаға сәйкес келмейді. Сонымен қатар ДИАҚБ-ның бұған дейінгі ұсынымдарының көпшілігі ескерусіз қалды. Сайлау қызметін шетелден қаржыландыруға және бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау науқанын сыни тұрғыдан жариялауына жол берілуіне қатысты нормаларды қоса алғанда, аясы кең әрі нақты емес қағидалар сайлау процесі барысында оларды түсіндіру жөнінде сұрау салуға себеп болды, алайда билік органдары оларға жеткілікті құқықтық айқындықты қамтамасыз ететін жауап бермеді.

145 мүшеден тұратын жаңа бір палаталы Құрылтай жабық партиялық тізімдер бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі негізінде, бес пайыздық сайлау шегі белгіленген бірыңғай

жалпыұлттық сайлау округі бойынша сайланды. Тәуелсіз кандидаттардың сайлауға түсуін көздейтін ереже енді жоқ, бұл халықаралық стандарттар мен ДИАҚБ-ның бұрынғы ұсынымдарына қайшы келеді. Заң әйелдер, жастар және мүгедектігі бар адамдар үшін кандидаттардың жиынтық 30 пайыздық квотасын белгілейді және бұл квота мандаттарды бөлу кезінде де сақталуы тиіс. Алайда квота құрылымы тиісті халықаралық стандарттар мен ДИАҚБ-ның бұған дейінгі ұсынымдарына сәйкес келмейді. Құқықтық негіз саяси партияларға мандаттарды бөлу және іске асыру кезінде кең дискрециялық пен бақылау мүмкіндігін береді, бұл ЕҚЫҰ міндеттемелері мен халықаралық стандарттарға қайшы.

Барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары техникалық дайындықты кәсіби түрде және заңнамада белгіленген мерзімдерде жүргізіп, сайлауға қатысушы партиялардың сеніміне ие болды. Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) тұрақты түрде тікелей эфирде көрсетілетін отырыстар өткізді, оларға мүдделі тараптардың және бұқаралық ақпарат құралдарының көпшілігі қатысты. ДИАҚБ-ның Сайлауды байқау миссиясы (СБМ) байқаған отырыстардың көпшілігінде шешімдер мазмұндық талқылаусыз бірауыздан қабылданды, бұл шешімдер қабылдау процесінің ашықтығын шектеді. ДИАҚБ СБМ байқаушылары өздері қатысқан сайлау комиссиялары мүшелерін даярлау жөніндегі бүкіл елді қамтыған каскадтық оқыту бағдарламаларын оң бағалады. Сайлау әкімшілігі сонымен қатар сайлаушыларды ақпараттандыру бойынша ауқымды науқан жүргізді және сайлау учаскелерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге әрі мүгедектігі бар адамдардың сайлауға қатысуына жәрдемдесуге айтарлықтай күш салды. Өңірлердің көпшілігінде ДИАҚБ СБМ байқаушылары аумақтық сайлау комиссияларының (АСК) өз отырыстарын алдын ала жүйелі түрде хабарламай, қажеттілік туындаған сайын өткізгенін мәлімдеді. Бұл АСК жұмысына байқау жүргізуге кедергі келтірді.

ОСК жүргізетін Сайлаушылардың ұлттық тізіліміне шамамен 12,6 миллион сайлаушы енгізілген. ХСБМ сұхбаттасушыларының көпшілігі сайлаушылар тізілімінің дәлдігіне сенім білдірді. Зияткерлік немесе психоәлеуметтік мүгедектігіне байланысты сот әрекетке қабілетсіз деп таныған азаматтардың, сондай-ақ жасаған қылмысының ауырлығына қарамастан бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адамдардың дауыс беруге құқығы жоқ, бұл халықаралық стандарттарға қайшы келеді. Сайлаушылар тізімдері тексеру үшін қолжетімді болды, сайлаушылар түзету талап ете алды. Сайлаушылар тізіміне енгізілмеген, бірақ тиісті сайлау учаскесінің аумағында тұратынын растай алған сайлаушыларды сайлау күні тиісті учаскелік сайлау комиссиясы (УСК) сайлаушылар тізіміне енгізе алды, бұл халықаралық озық практикаға сәйкес келмейді.

25 жасқа толған және сайлауға дейін Қазақстанда кемінде 10 жыл тұрған сайлау құқығы бар азаматтар кандидат бола алады. Тұрақты тұру мерзіміне қатысты бұл талап халықаралық стандарттар мен ДИАҚБ-ның бұған дейінгі ұсынымдарына қайшы келеді. Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамдардың, сондай-ақ жасаған қылмысының түріне қарамастан өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдардың кандидат болуға құқығы жоқ. 2026 жылғы құқықтық реформадан кейін кандидаттарды тек тіркелген саяси партиялар өз мүшелерінің арасынан ұсына алады, ал кандидаттардың өзін-өзі ұсыну мүмкіндігі жойылды, бұл халықаралық стандарттар мен ДИАҚБ ұсынымдарына қайшы келеді. Кандидаттарды тіркеу тиімді жүргізіліп, ұсынылған кандидаттардың барлығы дерлік тіркелген. Тіркелген жеті тізімге 545 кандидат енгізілді, олардың 43,9 пайызы жиынтық квота топтарының кемінде біреуіне жатты.

Сайлау науқаны жалпы алғанда тыныш әрі ұйымдасқан түрде өтіп, сайлау күні жақындаған сайын жандана түсті. Заңнамаға сәйкес, сайлауға қатысушылардың барлығына үгіт іс-шараларын ұйымдастыру үшін тең жағдайлар жасалды және үгіт іс-шараларын өткізуге негізсіз тыйым салынғаны немесе шектеулер қойылғаны туралы расталған мәліметтер болған жоқ. Алайда ХСБМ-нің кейбір сұхбаттасушылары атап өткендей, шынайы саяси оппозицияны

білдіретін партиялардың жоқтығы және парламенттік сайлауға өзін-өзі ұсыну құқығының жойылуы саяси қатысуды, плюрализмді және сайлаудағы бәсекелестікті шектеді. Партиялардың тұғырнамалары мен үндеулерінде әлеуметтік және экономикалық мәселелердің кең ауқымы қамтылды, алайда сайлауға қатысқан барлық партиялар қазіргі Президенттің саясатын қолдады. Партиялар жалпы сайлаушыларға еркін қол жеткізе алғанмен, ресурс көлеміндегі елеулі айырмашылықтар үгіт жүргізу мүмкіндіктерінің теңдігіне әсер етті. Бұрынғы билеуші «AMANAT» партиясымен біріккен, жаңадан тіркелген «Әділет» партиясы «AMANAT» партиясынан мұраға қалған ұйымдық құрылымдарды, желілер мен ресурстарды пайдалана отырып, ең ауқымды әрі көзге көрінетін үгіт қызметін жүргізіп, сайлау науқанында үстемдік етті. ДИАҚБ СБМ әкімшілік ресурстарды теріс пайдалану жағдайлары, соның ішінде мемлекеттік сектор қызметкерлерін үгіт іс-шараларына қатысуға жұмылдыруға тарту және муниципалдық әкімшіліктердің бірнеше саяси партияның үгіт іс-шараларымен байланысы туралы сенімді хабарламалар алды. «Әділет» партиясының кейбір ауқымды іс-шаралары муниципалитеттер немесе басқа да мемлекеттік ұйымдар ұйымдастырған тегін қоғамдық іс-шаралармен тұспа-тұс келді. Осы факторлардың жиынтығы «Әділет» партиясына негізсіз артықшылық беріп, мемлекет пен партия арасындағы шекараны бұлыңғыр етті, бұл ЕҚЫҰ міндеттемелеріне қайшы келеді.

Әлеуметтік желілер сайлау науқанында маңызды рөл атқарды. ДИАҚБ СБМ жүргізген әлеуметтік желілер мониторингі партиялар мен кандидаттардың интернеттегі коммуникациясы негізінен жағымды сипатта және бағдарламалық мәселелерге бағытталғанын, ал текетірес сипатындағы пікірталас жағдайларының шектеулі болғанын көрсетті. ХСБМ-нің кейбір сұхбаттасушылары интернеттегі контентке қатысты аясы кең тұжырымдалған шектеулер мен оларды қолдану практикасы, соның ішінде сайлау науқаны кезінде жалғасқан контентті жою жағдайлары саяси пікір білдіру мен сыни пікірлерді басуға алып келуі мүмкін деген алаңдаушылықтарын білдірді. Негізінен мемлекеттік органдар мен ұлттық қауіпсіздік органдарының құзыретіне орталықтандырылған жалған ақпарат пен шетелдік араласуға қарсы іс-қимыл тетіктері туралы ашық ақпараттың жоқтығы олардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік бермеді. Мәдениет және ақпарат министрлігі (МММ) интернет кеңістігіне, соның ішінде сайлауға қатысты ықтимал құқық бұзушылықтарға мониторинг жүргізді. Жалған ақпаратпен күресу міндеті жүктелген Президент Әкімшілігі жанындағы Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы сайлау науқанына қатысты жалған ақпараттың бірнеше жағдайы туралы хабарлап, оларды теріске шығарды.

Әйелдер саяси және қоғамдық өмірде әлі де айтарлықтай аз өкілдік етеді: бұрынғы Парламенттің төменгі палатасындағы 98 орынның 18-ін (18 пайыз), жанама сайлау арқылы сайланатын Сенаттағы 50 орынның 10-ын (20 пайыз) және Үкіметтегі 25 лауазымның 3-еуін (12 пайыз) әйелдер иеленді; 20 өңір әкімінің арасында бірде-бір әйел жоқ. Барлық саяси партиялардың әйелдер ұйымдары бар, алайда бір партияны ғана әйел басқарады. 545 кандидаттың 172-сін әйелдер құрады (31,5 пайыз), бірақ олардың сайлау науқанына қатысуы шектеулі болды және өңірлер бойынша біркелкі болмады. Әйелдер барлық сайлау комиссиялары мүшелерінің үштен екісінен астамын құрағанымен, басшылық және жоғары лауазымдарда жеткілікті деңгейде өкілдік етпеді.

Сайлау науқанын қаржыландыру қағидаларына 2026 жылы енгізілген өзгерістер, атап айтқанда, жарналар мен шығыстардың шекті мөлшерін ұлғайтты, сайлау қорларынан тыс науқанды қаржыландыру үшін санкциялар енгізді және заттай нысандағы қайырымдылыққа тыйым салды. ДИАҚБ мен Еуропа Кеңесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобының (GRECO) сайлау науқанын қаржыландыру жөніндегі есептілік пен байқауға қатысты бұрынғы ұсынымдары ескерусіз қалды. Сайлау туралы заң сайлауға қатысушылардың сайлау науқанын қаржыландыру жөніндегі аралық немесе қорытынды есептерді ұсынуын көздемейді, бұл халықаралық стандарттар мен озық практикаға қайшы келіп, ашықтық пен есептілікті шектейді. Байқау жүргізу міндеті ОСК-ға жүктелген, алайда бұл байқау тәуелсіз тексеру

немесе фактілерді анықтау тетігінсіз тек ресми банк операцияларымен шектеледі, бұл байқаудың ауқымы мен тиімділігін төмендетеді. Оң жайт ретінде ОСК қаулысында әр партияның сайлау науқанын қаржыландыру туралы ақпаратын сайлау күніне дейін екі рет жариялау көзделгенін және бұл талаптың орындалғанын атап өтуге болады. Алайда ұсынылған ақпарат көлемінің шектеулілігі қоғамдық байқау үшін мазмұнды ашықтықты қамтамасыз етпеді. ОСК қаулысында сайлаудан кейін сайлауға қатысушылардың қорытынды есептерді ұсынуы көзделген.

Медиа нарығында тікелей меншік және ашық емес бюджеттік субсидиялар арқылы мемлекет үстемдік етеді. Бұл факторлар, редакциялық мазмұнға мемлекеттің ықпал етуіне қатысты айтылған алаңдаушылықтармен қатар, тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарының көптігіне қарамастан, медиа плюрализмді шектейді. Тәуелсіз журналистерді қамауға алу және оларға қысым көрсету жөніндегі бұрыннан келе жатқан алаңдаушылықтар жаппай өзін-өзі цензуралауға алып келеді. Сөз бостандығына берілген конституциялық кепілдіктер «көрінеу жалған ақпаратты таратқаны үшін» көзделген қылмыстық санкциялармен, сондай-ақ басқа да кейбір қылмыстық және әкімшілік нормалармен және оларды қолдану практикасымен шектеледі. Халықаралық стандарттар мен ДИАҚБ-ның бұған дейінгі ұсынымдарына қайшы, шынайы қоғамдық хабар тарату қызметі жоқ, ал МАМ жүзеге асыратын бұқаралық ақпарат құралдарын реттеу тетігі институционалдық тәуелсіздік жөніндегі халықаралық талаптарға сәйкес келмейді. ДИАҚБ СБМ жүргізген медиа мониторинг жалпы алғанда хабар таратушылардың сайлауға қатысушылардың барлығының қызметін көбіне бейтарап сипатта жариялағанын көрсетті, алайда сайлауға қатысушылардың жиынтық қамтылуы мемлекеттік органдардың қамтылуынан аз болды. Мониторланған хабар таратушылар мен интернет-бұқаралық ақпарат құралдары сайлау науқаны іс-шараларын талдамалы не тереңдетілген жаңалықтар немесе редакциялық материалдар ұсынбай шектеулі көлемде жариялады, бұл сайлаушылардың саналы таңдау жасау мүмкіндігін төмендетеді.

Азаматтар, саяси партиялар және сайлау процесіне қатысатын басқа да мүдделі тараптар өз құқықтарын қорғау үшін сайлау комиссияларына, соттарға немесе прокуратура органдарына жүгіне алады. Заң сайлау дауларын жедел қарау мерзімдерін белгілейді. ОСК-ға ешқандай шағым берілмегендіктен, АСК-ға аз ғана шағым түскені туралы хабарланғандықтан және соттарда сайлауға қатысты істер аз болғандықтан, сайлау дауларын шешу жүйесі іс жүзінде айтарлықтай сыналған жоқ. ХСБМ-нің кейбір сұхбаттасушылары саяси сипаттағы істер бойынша сот билігінің бейтараптығына қатысты алаңдаушылықтарын білдіріп, қоғамдық істерге қатысуға, сөз бостандығына және бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне әсер ететін заңдарды соттардың шектеуші сипатта түсіндіруін сынға алды.

Заң сайлауды ішкі және халықаралық байқауды көздейді. Сайлауға қатысты кез келген қызметті шетелден қаржыландыруға салынатын тыйымның аясын кеңейткен Сайлау туралы заңға 2026 жылы енген түзетулер кең әрі нақты емес түрде тұжырымдалған және билік органдары оларды бір-біріне қайшы келетін тәсілдермен түсіндірген. Бұл ЕҚЫҰ міндеттемелеріне қайшы түрде азаматтық байқаушылардың өз жұмысын атқаруына негізсіз кедергілер келтіріп, кейбір азаматтық қоғам ұйымдарының сайлауды байқауға қатысудан тартынуына себеп болды. Соған қарамастан, бірнеше ұйым сайлау күні байқау жүргізді.

Сайлау күні ұйымдасқан әрі тыныш өтті және кейбір рәсімдік проблемалар мен ашықтыққа қатысты мәселелерге қарамастан, ХСБМ байқаушылары сайлау учаскелерінің ашылуы мен дауыс беруді басым көпшілігінде оң бағалады. Алайда ХСБМ байқаушылары сайлаушыларға қысым жасалғанын көрсететін алаңдаушылық туғызатын белгілер туралы хабарлады. Күні бойы байқаушылар дауыс бергені байқалған сайлаушылар саны мен ресми түрде жарияланған қатысу көрсеткіштері арасында елеулі айырмашылықтарды атап өтті. Салыстырып тексеру және дауыстарды санау кезінде орын алған елеулі рәсімдік бұзушылықтар мен олқылықтарға байланысты байқау жүргізілген дауыстарды санау рәсімдерінің үштен бірінен астамы теріс

бағаланды. Нәтижелерді жинақтау жалпы алғанда оң бағаланды, дегенмен кейбір рәсімдік мәселелер, ашықтыққа қатысты проблемалар және ХСБМ байқаушыларының байқау жүргізу мүмкіндіктеріне қойылған шектеулер атап өтілді. Алдын ала нәтижелер сайлау түні жарияланбағандықтан, ашықтық одан әрі төмендеді. Жалпы алғанда, сайлаушылар белсенділігі мен дауыс беруге қатысу туралы ресми деректер арасындағы елеулі сәйкессіздіктер және дауыстарды санау кезінде байқалған проблемалар процестің осы бөліктерінің адалдығына, сондай-ақ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.4-тармағында талап етілгендей, бюллетеньдердің адал саналып, нәтижелердің адал хабарланғанына қатысты елеулі алаңдаушылық туғызады.

АЛДЫН АЛА ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Жалпы мәлімет және саяси ахуал

2026 жылғы 23 тамыздағы мерзімінен бұрын парламенттік сайлау 15 наурызда өткізілген жаңа Конституция жөніндегі референдумнан кейін өтті. Жаңа Конституция 1 шілдеде күшіне еніп, Парламенттің таратылуына және Президенттің мерзімінен бұрын парламенттік сайлау тағайындауына алып келді.

Мемлекеттік басқаруды жаңғырту және оңтайландыру мақсатында Конституцияны қайта қарау процесін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы қыркүйекте бастады.¹ Конституция институционалдық негізді елеулі түрде өзгертіп, екі палаталы Парламентті бір палаталы Құрылтаймен алмастырды, тәуелсіз кандидаттардың парламенттік сайлауға қатысу мүмкіндігін жойды, Президент тағайындайтын, заң шығару бастамасы құқығы бар 126 мүшеден тұратын консультативтік Халық Кеңесін құрды, вице-президент лауазымын қайта енгізді және Президент өкілеттіктерін айтарлықтай кеңейтті.² Референдумнан кейін Конституциялық Сот бұрынғы Конституцияның қолданылу кезеңінде қызмет атқарған лауазымды тұлғаларға өкілеттік мерзімдеріне қатысты конституциялық шектеулердің қолданылуы жөнінде түсіндірме берді.³ Халықаралық Сайлауды байқау миссиясының (ХСБМ) кейбір сұхбаттасушылары Конституцияның жеделдетілген тәртіппен және қоғамның кеңесу мүмкіндігі шектеулі жағдайда қабылданғанын атап өтті.⁴ Саяси партиялардың өкілдері болып табылатын ХСБМ-нің кейбір сұхбаттасушылары саяси партиялардың мандаттары

¹ Конституцияны қайта қарау 2022 жылғы реформаның жалғасы ретінде ұсынылды. Бұл реформа сондай-ақ конституциялық референдумды және мерзімінен бұрын президенттік сайлауды (екеуі де 2022 жылы), сондай-ақ мерзімінен бұрын парламенттік сайлауды (2023 жылы) қамтыды.

² Президент Құрылтай келісімімен вице-президентті тағайындайды және оны қызметінен босата алады, сондай-ақ осы лауазымды тұлғаның өкілеттік мерзімін айқындайды; сайлауға дейін өкілеттік мерзімі туралы жарлық шығарылған жоқ. Президенттің өкілеттіктері институционалдық тағайындауларға қатысты кеңейтілген өкілеттіктерді, бірнеше рет келіспеушілік туындаған жағдайда, соның ішінде Құрылтай төрағасының кандидатурасына қатысты келіспеушілік болғанда Парламентті тарату мүмкіндігін, Парламент болмаған кезде заң шығару өкілеттіктерін уақытша біржақты жүзеге асыру мүмкіндігін және мемлекеттік аппаратқа қатысты күшейтілген өкілеттіктерді қамтиды.

³ [Конституциялық Соттың 2026 жылғы 7 шілдедегі № 89 нормативтік қаулысында](#) Конституцияның 43.1, 72.2–3, 83.1 және 84.3-баптарына түсіндірме беріліп, Президентті, Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларын, Жоғарғы Сот Төрағасын және Бас Прокурорды қоса алғанда, лауазымдарға сайлауға немесе тағайындауға қойылатын шектеулер тек 2026 жылғы Конституция шеңберінде басталған тағайындауларға қолданылатыны көрсетілді. Тиісінше, 1995 жылғы Конституцияның қолданылу кезеңінде атқарылған өкілеттік мерзімдері қайта тағайындауға қойылатын шектеулер аясына кірмейді және мұндай лауазымдарды 2026 жылғы Конституция күшіне енгенге дейін атқарған адамдар қайтадан сайлануы немесе тағайындалуы мүмкін.

⁴ [Президент, бірнеше саясаткер](#) және жаңа Конституция жобасын әзірлеу үшін құрылған [Жұмыс тобының мүшелері](#) ауқымды өзгерістерге деген кең қоғамдық сұраныс іс жүзінде жаңа Конституцияның қабылдануына алып келді деп мәлімдеді. Хабарланғандай, ол қоғамнан келіп түскен шамамен 2 000 өтініш пен ұсынысқа негізделген.

күшейтілген жаңа бір палаталы Парламент заң шығару процесін жақсартады деп есептесе, басқалары оны шынайы саяси қатысу мен төменгі деңгейдегі өкілдіктің болмауына байланысты сынға алды.

Саяси ахуалға қазіргі Президенттің басым рөлі әлі тән. Сайлау алдындағы ахуалға мәлімделген мақсаты Президенттің саясатын іске асыруға жәрдемдесу болып табылатын жаңа «Әділет» саяси партиясының тіркелуі және оның сол кездегі билеуші «AMANAT» партиясымен тез арада бірігуі ықпал етті.⁵ Нәтижесінде «Әділет» осы сайлаудың негізгі қатысушысына айналды. Сайлау тағайындалғанға дейін аз уақыт қалғанда үш саяси партия басшылығының ауысуы тағы бір елеулі оқиға болды.⁶

2023 жылғы 19 наурызда өткен соңғы мерзімінен бұрын парламенттік сайлаудың қорытындысы бойынша Мәжіліске алты партия өтті. «AMANAT» 62 орын, «Ауыл» 8 орын, «Ақ жол» және «Respublika» партиялары алты орыннан, Қазақстан Халық партиясы (ҚХП) 5 орын, ал Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) 4 орын алды. Бір мандатты сайлау округтерінде сайлауға түскен тәуелсіз кандидаттар жеті орынға ие болды.

Әйелдер саяси және қоғамдық өмірде әлі де айтарлықтай аз өкілдік етеді: бұрынғы Мәжілістегі 98 орынның 18-ін (18 пайыз), жанама сайлау арқылы сайланатын Сенаттағы 50 орынның 10-ын (20 пайыз) және Үкіметтегі 25 лауазымның 3-еуін (12 пайыз) әйелдер иеленді; 20 облыс әкімінің арасында бірде-бір әйел жоқ. Барлық саяси партиялар әйелдер ұйымдарын құрғанымен, тек бір партияны – «Ақ жол» партиясын әйел басқарады. БҰҰ органдары шешім қабылдау лауазымдарындағы әйелдер өкілдігінің төмендігіне, сондай-ақ әйелдердің саяси және қоғамдық өмірге қатысуына кедергі келтіретін кемсітуші гендерлік таптаурындарға алаңдаушылық білдірді.⁷

Конституция негізгі құқықтар мен бостандықтарға кепілдік береді, алайда азаматтардың бірлесу, бейбіт жиналыс өткізу және пікір білдіру бостандығы арқылы саяси өмірге қатысу мүмкіндігі әлі де шектеулі, ал ДИАҚБ-ның осы салалардағы бұрынғы ұсынымдарының көпшілігі ескерусіз қалды.⁸ ХСБМ-нің көптеген сұхбаттасушылары 2023 жылдан бері негізгі бостандықтар мен құқық үстемдігін құрметтеу жағдайы айтарлықтай нашарлағанын мәлімдеді. Олар тіркелген партияларды Президентке адал немесе саяси тұрғыдан шектелген деп сипаттады, ал саяси партия құруға бағытталған оппозициялық бастамалар әлі де тіркеле

⁵ «Әділет» партиясын тіркеу бастамасы Президенттің «Әділетті Қазақстан» бағдарламасы мен конституциялық реформаны қолдауды шоғырландыру мақсатында 15 наурыздағы референдумнан кейін жарияланды. Бірқалыпты және жедел жүргізілген процестен кейін «Әділет» 1 маусымда тіркелді. Партияны 5 мамырға дейін Президент Әкімшілігін басқарған Айбек Дәдебай басқарады және оның мүшелерінің арасында жаңа Конституцияны әзірлеуге қатысқан көптеген тұлға бар. 12 маусымда «AMANAT» «Әділетпен» бірігу ниетін жариялады, ал «Әділет» бұл ұсынысты 14 маусымда қолдады.

⁶ «Ақ жол», «Ауыл» және Қазақстан Халық партиясы (ҚХП) тиісінше 13, 23 және 26 маусымда өз басшылығының ауысқанын жариялады.

⁷ БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитетінің [Қазақстанның бесінші кезендік баяндамасы бойынша 2019 жылғы қорытынды ескертулерінің](#) 29 және 30-тармақтарын қараңыз.

⁸ 2025 жылы [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің Қазақстанға қатысты әмбебап кезендік шолуы](#), атап айтқанда, ел заңдары мен оларды қолдану практикасы бейбіт жиналыстар бостандығына қатысты шамадан тыс мемлекеттік байқауға әлі де жол беріп, бірлесу, пікір білдіру және бұқаралық ақпарат құралдары бостандығын шектейтініне алаңдаушылық білдірді. БҰҰ-ның арнайы баяндамашылары мен сарапшылары [2025 жылғы бірлескен хабарламасында](#) белсенділерді қылмыстық қудалау мен соттауға және соған байланысты қылмыстандыру, қамауда ұстау, байқау және өзге де санкциялар қолдану практикасына елеулі алаңдаушылық білдірді. ДИАҚБ-ның Қазақстанға қатысты сайлау жөніндегі барлық [ұсынымдарын](#) қараңыз. ДИАҚБ-ның орындалған бұрынғы ұсынымдарына парламенттік сайлау шегін 7 пайыздан 5 пайызға дейін төмендету, сондай-ақ жаңа саяси партияны тіркеу үшін қажетті саяси партия мүшелері мен бастамашыл топтардың ең аз санын қысқарту жатады.

алмады.⁹ ХСБМ сұхбаттасушылары тәуелсіз азаматтық қоғам ұйымдарының (АҚҰ), әсіресе шетелден қаржыландырылатын ұйымдардың қысымға, стигматизацияға және өз қаражатына қол жеткізу қиындықтарына тап болатынына алаңдаушылық білдірді.¹⁰

Қазақстан – 120-дан астам этнос тобы тұратын көпұлтты мемлекет. Ұлты қазақтар халықтың басым бөлігін, ал ұлты орыстар ең ірі азшылықты құрайды.¹¹ Басқа азшылық топтарына өзбектер, украиндар, ұйғырлар, немістер мен татарлар жатады. Заңнамада азшылықтардың өкілдігін қамтамасыз етуге жәрдемдесетін арнаулы шаралар көзделмеген, бұл ЕҚЫҰ міндеттемелері мен халықаралық озық практикаға сәйкес келмейді. Сондай-ақ заңнама этностық немесе діни негізде саяси партия құруға тыйым салады.¹²

Құқықтық негіз және сайлау жүйесі

Парламенттік сайлау негізінен 2026 жылғы Конституциямен, 1995 жылғы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңмен (соңғы рет 2026 жылғы маусымда өзгертілген, бұдан әрі – Сайлау туралы заң) және 2026 жылғы «Құрылтай туралы» заңмен реттеледі.¹³ Құқықтық негізді Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) қаулылары және шешімдері толықтырады.¹⁴ Қазақстан демократиялық сайлауға қатысты негізгі халықаралық және өңірлік құжаттардың қатысушысы болып табылады.¹⁵

Жаңа Конституция қабылданғаннан кейін институционалдық және сайлау өзгерістерін ескеру мақсатында сайлаудың құқықтық негізіне ауқымды түзетулер енгізілді. Сайлау туралы заңға

⁹ [Хабарланғандай](#), 2024 жылғы 14 наурызда Әділет вице-министрі Ботагөз Жақселекова «2023–2024 жылдары саяси партияларды тіркеуге 17 өтініш түсті» деп мәлімдеген. Әділет министрлігінің веб-сайтында саяси партияларды тіркеуге берілген өтініштердің мәртебесі туралы деректер жоқ.

¹⁰ 2026 жылғы маусымда «АМАНАТ» және ҚХП депутаттары шетелден қаржыландырылатын үкіметтік емес ұйымдарға (ҰЕҰ) байқауды күшейтуге [шақырып](#), кейбір қаржыландыруды «жұмсақ күш» ретінде сипаттады және ҰЕҰ тәуелсіздігіне күмән келтірді. Сондай-ақ Қазақстанның Адам құқықтары және заң сақтау жөніндегі халықаралық бюросы мен Адам құқықтары жөніндегі халықаралық әріптестіктің, атап айтқанда, азаматтық қоғам ұйымдарын (АҚҰ) стигматизациялау және белсенділерді қудалау туралы [мәлімдемесін](#) қараңыз.

¹¹ [Қазақстанның Ұлттық статистика бюросының](#) мәліметіне сәйкес, олардың үлесі тиісінше 71,3 және 14,6 пайызды құрайды.

¹² [1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының](#) 35-тармағы қатысушы мемлекеттерді «ұлттық азшылықтарға жататын адамдардың қоғамдық істерге тиімді қатысу құқығын құрметтеуге» шақырады, ал 32.6-тармағы олардың «ұйымдар немесе бірлестіктер құру және олардың қызметін жалғастыру» құқығын қорғайды. ЕҚЫҰ-ның Ұлттық азшылықтар істері жөніндегі Жоғарғы комиссарының 2012 жылғы [Оралуан қоғамдарды интеграциялау жөніндегі Люблина ұсынымдары](#) мен түсіндірме жазбасында «тиісті өкілдік тікелей қатысуды қамтамасыз етеді [...]». Тиісті болуы үшін өкілдік [...] қоғамның құрамын көрсетуге бағытталуға тиіс» деп көрсетілген.

¹³ Сайлауға қатысты басқа да заңнама, атап айтқанда, 2002 жылғы «Саяси партиялар туралы» заңды, 2020 жылғы «Бейбіт жиналыстар туралы» заңды, 2014 жылғы Қылмыстық кодексті, 2014 жылғы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексті, 2020 жылғы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті, 2024 жылғы «Масс-медиа туралы» заңды, 2023 жылғы «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заңды және бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты басқа да заңдарды қамтиды.

¹⁴ [ОСК регламенттері, қағидалары мен шешімдері](#) 2026 жылғы маусымда енгізілген соңғы құқықтық өзгерістермен сәйкестендірілді.

¹⁵ Олардың қатарына [1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт \(АСҚХП\)](#), [1979 жылғы Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция \(ӘЖЖК\)](#), [1965 жылғы Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция \(НҚЖК\)](#), [2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенция \(БҰҰ СЖҚК\)](#), [2006 жылғы Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция \(МҚК\)](#) және [2002 жылғы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Демократиялық сайлаудың, сайлау құқықтары мен бостандықтарының стандарттары туралы конвенциясы](#) (ТМД конвенциясы) кіреді. Қазақстан [Еуропа Кеңесінің Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссиясының \(Венеция комиссиясы\)](#) және [Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобының \(GRECO\)](#) мүшесі болып табылады. Жаңа конституция халықаралық құқықтың басымдығын мойындамайды және Конституциялық Сот халықаралық ұйымдардың шешімдерін конституцияға қайшы деп тапса, олардың орындалмауын белгілейді.

енгізілген түзетулер, атап айтқанда, парламенттік сайлаудың пропорционалды жүйесін енгізді және жаңа бір палаталы заң шығарушы органды құруға қатысты құқықтық ережелерді бейімдеді, кандидаттарды ұсыну рәсімдері мен үгіт науқанының кейбір қағидаларын қайта қарады, сайлау комиссияларының мүшесі болуға қойылатын талаптарды кеңейтті, заттай нысандағы жарналарға тыйым салды, сайлау науқанын қаржыландырудың шекті мөлшерін ұлғайтты және шетелден қаржыландыруға салынатын тыйымның аясын кеңейтті.

Көптеген түзетулерге қарамастан, құқықтық негіз бірқатар халықаралық стандарттар мен демократиялық сайлауға қатысты ЕҚЫҰ міндеттемелеріне әлі де сәйкес келмейді. Олардың қатарына дауыс беру құқығына және сайлаушылардың сайлау нәтижелеріне дау айту үшін сотқа жүгіну құқығына кейбір негізсіз шектеулер, сондай-ақ сайлау науқанын қаржыландыру есептілігі мен адалдығын қамтамасыз ететін жеткілікті кепілдіктердің болмауы жатады. Сайлау қызметін шетелден қаржыландыруға және бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау науқанын сыни тұрғыдан жариялауына жол берілуіне қатысты нормаларды қоса алғанда, аясы кең әрі нақты емес тұжырымдалған қағидалар сайлауға дайындық барысында оларды түсіндіру жөніндегі сұрау салуларға себеп болды. Билік органдарының екіұшты жауаптары құқықтық айқындықты қамтамасыз етпеді.¹⁶ ДИАҚБ-ның сайлау әкімшілігінің тәуелсіздігіне, кандидаттарға қойылатын талаптарға және бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты бұрынғы ұсынымдарының көпшілігі ескерусіз қалды.¹⁷

Конституциялық ережелерді дамытатын және кіріктіретін конституциялық заңдар, сондай-ақ сайлаудың құқықтық негізіне енгізілген заңнамалық түзетулер сайлауға аз уақыт қалғанда қабылданды, бұл халықаралық озық практикаға сәйкес келмейді.¹⁸ Парламент негізгі конституциялық заңдар мен түзетулердің ауқымды топтамасын екі апта ішінде қарады.¹⁹ ХСБМ-нің кейбір сұхбаттасушылары конституциялық заңдар мен түзетулер ашықтығы және қоғамдық кеңесу мүмкіндігі шектеулі жағдайда жеделдетілген тәртіппен әзірленді деп есептеді.²⁰ Оң жайт ретінде қабылданған заңнаманың, соның ішінде соңғы түзетулер мен заңға тәуелді актілердің интернетте жарияланғанын атап өтуге болады.²¹ Жеке тұлғалар мен саяси партиялардың сайлауға қатысты құқық бұзушылықтары үшін санкцияларды кеңейткен

¹⁶ АСКХП 25(а)-бабын және Адам құқықтары жөніндегі комитеттің № 25 жалпы түсіндірмесін, сондай-ақ ДИАҚБ-ның 2003 жылғы «Неғұрлым сапалы заңдарға арналған демократиялық заң шығару жөніндегі ұсынымдарының» 35-тармағын қараңыз. Венеция комиссиясының 2025 жылғы «Құқық үстемдігі мәселелері жөніндегі жаңартылған байқау тізімінің» 47 және 49-тармақтарын қараңыз. Сондай-ақ «Сайлауды байқау» бөлімін қараңыз.

¹⁷ 1999 жылғы ЕҚЫҰ Ыстанбұл құжатының 25-тармағында ЕҚЫҰ-ға қатысушы барлық мемлекеттер ДИАҚБ-ның сайлау жөніндегі бағалаулары мен ұсынымдарын жедел орындау міндеттемесін қабылдады.

¹⁸ «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Құрылтай және оның мүшелерінің мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Халық Кеңесі туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңдарды және Сайлау туралы заңға енгізілген түзетулерді (№ 305-VIII заң) қоса алғанда, алты конституциялық заңның топтамасы 20 мамырда Парламенттің екі палатасының бірлескен отырысында қабылданып, 5 маусымда жарияланды. Венеция комиссиясының 2002 жылғы Сайлау мәселелеріндегі озық практика кодексінің II.2.b-тармағында «сайлау заңнамасының негізгі элементтері, атап айтқанда сайлау жүйесінің өзі [және] сайлау комиссияларының құрамы [...], сайлауға дейін бір жылдан аз уақыт қалғанда өзгертілмеуге тиіс» деп көрсетілген. Сондай-ақ Венеция комиссиясының Сайлау заңнамасының тұрақтылығы туралы 2024 жылғы қайта қаралған түсіндірме декларациясын қараңыз.

¹⁹ Конституциялық заң жобаларының тұжырымдамасы 8 мамырда Парламенттің бірлескен отырысында мақұлданды, ал заң жобаларын екінші оқылымға дайындау үшін 20 мамырда бірлескен парламенттік комиссиялар құрылды. Рәсім қағидаларында рұқсат етілгеніне қарамастан, парламенттік жұмыс топтарының құрамына сарапшылар қауымдастығы мен тәуелсіз азаматтық қоғам өкілдері енгізілмеді.

²⁰ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 5.8-тармағында заңнама «жария рәсімнің қорытындысы бойынша қабылдануға» тиіс деп көрсетілген. Венеция комиссиясының «Құқық үстемдігі мәселелері жөніндегі жаңартылған байқау тізімінің» II.A.6-бөлімінің 34-тармағында «заңның сапасы көбінесе заң шығару процесінің сапасына байланысты. Бұл рәсім тиімді, ашық, инклюзивті және демократиялық болуға тиіс» деп көрсетілген.

²¹ Заңнама Әділет министрлігінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске 2026 жылғы маусымда енгізілген түзетулер ресми үгіт кезеңінің ортасында ғана күшіне енді. Бұл олардың нақты емес тұжырымдарымен бірге тұрақтылық пен құқықтық айқындыққа нұқсан келтірді.²²

Конституцияға сәйкес Құрылтайдың 145 депутаты бірыңғай жалпыұлттық сайлау округінде жабық тізімдер бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі негізінде бес жылдық мерзімге тікелей сайланады және жарамды дауыстардың бес пайыздық шегі қолданылады. Конституция түрлендірілгеннен кейін парламенттік сайлау жүйесінде мажоритарлы құрамдас бөлік болмайды. Сондай-ақ, тәуелсіз кандидаттар туралы ереже сақталмады. Халықаралық стандарттар мен ДИАҚБ-ның бұрынғы ұсынымдарына сәйкес кандидаттардың сайлауға тәуелсіз түрде түсу мүмкіндігі болуы тиіс.²³

Сайлау туралы заң кандидаттардың тізімдегі орындарына қатысты қандай да бір талаптар белгілемей, кандидаттар тізімдерінде әйелдерге, жастарға және мүгедектігі бар адамдарға арналған жиынтық 30 пайыздық квотаны көздейді. Бұл квота кандидаттарды ұсыну және мандаттарды бөлу кезінде сақталуы тиіс. Жиынтық квота халықаралық стандарттарда талап етілетіндей әрбір тиісті топтың тиімді қатысуын жеткілікті түрде қамтамасыз етпейді және әйелдердің саяси өкілдігі мен қатысуын арттыруға арналған тиімді гендерлік квотаны қоса алғанда, қосымша арнаулы шаралар жөніндегі ДИАҚБ-ның бұрынғы ұсынымдарын ескермейді.²⁴ Заңда жеткілікті өкілдік етпейтін топтардың өкілдігін қамтамасыз етуге жәрдемдесетін қосымша арнаулы шаралар көзделмеген. Осы квотадан басқа, құқықтық негіз саяси партияларға кандидаттарды ұсыну, сондай-ақ Құрылтайдағы парламенттік мандаттарды бөлу және іске асыру мәселелерінде кең көлемде әрекет ету еркіндігін береді.²⁵ ХСБМ-нің кейбір сұхбаттасушылары бұл әрекет ету еркіндігі ЕҚЫҰ міндеттемелері мен халықаралық стандарттарға қайшы түрде шынайы саяси қатысуға әсер етеді деп сынға

²² Бұл түзетулер 12 тамызда күшіне енді. Олар, атап айтқанда, әлеуметтік желілердің жеке пайдаланушыларының ОСК-ға сайлау науқанына қатысты ақылы контент туралы хабарламағаны, сайлауға қатысушылардың барлығына үгіт жүргізу үшін тең жағдайлар мен қолжетімділікті қамтамасыз етпегені, қоғамдық пікір сауалнамаларын жариялағаны және сайлау қорларынан тыс сайлау науқандарын қаржыландырғаны үшін жауаптылығын көздейді. Венеция комиссиясының Сайлау заңнамасының тұрақтылығы туралы 2024 жылғы [қайта қаралған түсіндірме декларациясында](#), әдетте, сайлау тағайындалғаннан кейін сайлау заңнамасына өзгеріс енгізілмеуге тиіс екені және сайлау кезінде қолданылатын «сайлау заңнамасының кез келген реформасы» сайлаушылардың, сайлауға қатысушылардың және сайлау әкімшілігінің ол туралы хабардар болуы мен оны түсінуін қамтамасыз ету үшін «жеткілікті ерте жүргізілуге тиіс» екені көрсетілген.

²³ 1966 жылғы [АСКХП-ның](#) 25-бабын және [1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының](#) 7.5-тармағын қараңыз.

²⁴ ӘКЖК-нің 3, 4 және 7-баптарын және [ӘКЖК жөніндегі комитеттің № 23 жалпы ұсынымының](#) 18-тармағын қараңыз. ӘКЖК жөніндегі комитеттің № 40 жалпы ұсынымында «тең және инклюзивті өкілдік» «шешім қабылдау жүйелеріне тең қол жеткізу және олардың шеңберінде тең өкілеттіктерге ие болу тұрғысынан алғанда, барлық әралуандығымен бірге әйелдер мен ерлер арасындағы паритет» деп айқындалады. ӘКЖК жөніндегі комитеттің уақытша арнаулы шараларға қатысты 4-бап жөніндегі [№ 25 жалпы ұсынымының](#) 22-тармағын қараңыз. Сондай-ақ ЕҚЫҰ өңіріндегі [әйелдердің саяси қатысуын ілгерілету жөніндегі озық практикалардың 2016 жылғы ЕҚЫҰ жинағын](#) қараңыз.

²⁵ Үміткерлер тізіміндегі кандидаттар арасында мандаттарды бөлу қағидалары жоқ; саяси партиялар үміткерлер тізіміндегі орнын немесе өзге де өлшемшарттарды ескермей, кандидаттарды өз қалауы бойынша таңдай алады, алайда әйелдерге, мүгедектігі бар адамдар мен жастарға арналған 30 пайыздық квотаның сақталуын қамтамасыз етуге тиіс. [2009 жылғы Венеция комиссиясының «Императивтік мандат және ұқсас тәжірибелер туралы» баяндамасын қараңыз.](#)

алды²⁶. Құқықтық негіз парламенттік мандаттарды жүзеге асыруды саяси партияға мүшелікпен байланыстырып, жеке депутаттық мандатты да шектейді.²⁷

Сайлау әкімшілігі

Мерзімінен бұрын парламенттік сайлауды ОСК, 20 облыстық аумақтық сайлау комиссиясы (АСК), 227 аудандық және қалалық АСК және 10 423 учаскелік сайлау комиссиясы (УСК) иерархиялық тәртіппен ұйымдастырды. Олардың қатарына шамамен 643 арнайы сайлау учаскесі кірді, соның 79-ы шетелде орналасқан. ОСК мен АСК жеті мүшеден тұрады, ал УСК құрамындағы мүшелер саны учаскеде тіркелген сайлаушылардың санына байланысты бестен тоғызға дейін болды. 18 тамыздағы жағдай бойынша сайлау әкімшілігінің құрамына бес жылдық мерзімге тағайындалған 71 270 комиссия мүшесі кірді.

ОСК мүшелерін Президент пен бұрынғы Парламенттің екі палатасы тағайындады. Құрылтай сайлауынан кейін тағайындау тәртібі өзгереді: ОСК төрағасын қоспағанда, ОСК-ның бүкіл құрамын Құрылтай мақұлдауымен Президент тағайындайды. Өкілеттік мерзімі заңда айқындалмаған ОСК төрағасын Президент біржақты тәртіппен тағайындайды және қызметінен босатады. Тағайындаудың жаңа жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді, өйткені сайлау органының барлық мүшесін негізінен бір органның біржақты тағайындауы сайлау әкімшілігінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін.²⁸

АСК және УСК мүшелерін тіркелген саяси партиялардың ұсыныстары негізінде тиісті мәслихаттар сайлады, бұл ретте әр партия бір комиссияға бір мүшеден ұсынды. Мұндай ұсыныстар болмаған кезде мәслихаттар мүшелерді қоғамдық ұйымдардың немесе жоғары

²⁶ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 6-тармағында «мерзімді әрі шынайы сайлау арқылы еркін және әділ білдірілген халықтың еркі – кез келген биліктің беделі мен заңдылығының негізі. Осыған байланысты қатысушы мемлекеттер өз азаматтарының өз елін басқаруға тікелей немесе әділ сайлау процестері арқылы өздері еркін сайлаған өкілдер арқылы қатысу құқығын құрметтейді» деп көзделген. 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (АСҚХП) 25-бабында: «Әр азамат 2-бапта аталған қандай да бір айырмашылықсыз және негізсіз шектеулерсіз мынадай құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болуға тиіс: (b) жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы негізінде өткізілетін әрі сайлаушылар еркінің еркін білдірілуіне кепілдік беретін жасырын дауыс беру арқылы шынайы мерзімді сайлауда дауыс беру және сайлану [...]» деп көрсетілген.

²⁷ Құқықтық негіз «мандат тұтастығы» қағидасын сақтайды: Құрылтай мүшелері өздері сайланған саяси партиядағы мүшелігін тоқтатқан жағдайда депутаттық мандатынан автоматты түрде айырылады. [1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының](#) 7.9-тармағында «заңда талап етілетін қажетті дауыс санын алған кандидаттар лауазымына тиісті түрде кіріседі және олардың өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін немесе демократиялық парламенттік және конституциялық рәсімдерге сәйкес заңмен реттелетін тәртіппен өзге түрде тоқтатылғанға дейін қызметінде қалуына рұқсат етіледі» деп көзделген. ДИАҚБ мен Венеция комиссиясының [Саяси партиялардың қызметін реттеу жөніндегі](#) 2023 жылғы қайта қаралған бірлескен ұсынымдарының 131–132-тармақтарында мұндай ережелер жүйе ашықтығын шектейтіні және саяси партияларға кандидаттармен салыстырғанда мөлшерлес емес дәрежеде күшті жағдай беретіні көрсетілген.

²⁸ [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің № 25 жалпы түсіндірмесінің](#) 20-тармағында «сайлау процесін байқау және оның әділ, бейтарап әрі Пакт ережелеріне сәйкес келетін қолданыстағы заңдарға сәйкес өтуін қамтамасыз ету үшін тәуелсіз сайлау органы құрылуға тиіс» деп көрсетілген. [ТМД-ның 2002 жылғы конвенциясының](#) 19.2-бабында қатысушы мемлекеттер «демократиялық, еркін әрі әділ, шынайы және мерзімді сайлауды ұйымдастыру үшін тәуелсіз және бейтарап сайлау органдарының құрылуын қамтамасыз етуге» міндеттенді. [Венеция комиссиясының 2002 жылғы Сайлау мәселелеріндегі озық практика кодексін](#)ң II.3.1-бөлімін қараңыз; атап айтқанда, оның II.3.1(f)-тармақшасында «сайлау комиссияларының мүшелерін тағайындайтын органдар оларды өз қалауы бойынша қызметінен босата алмауға тиіс» деп көрсетілген; сондай-ақ оның Түсіндірме есебінің 68–70 және 77-тармақтарын қараңыз.

тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша тағайындады.²⁹ Сайлау туралы заңға 2026 жылы енгізілген түзетулер сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыс немесе құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамдардың сайлау әкімшілігінің құрамына кіруіне тыйым салды. ХСБМ-нің кейбір сұхбаттасушылары кандидатураларды ұсыну процесінің ашық болмауына байланысты төмен тұрған комиссиялардың бейтараптығы мен тәуелсіздігіне алаңдаушылық білдірді.³⁰

Әйелдер барлық комиссия мүшелерінің үштен екісінен астамын құрайды, алайда басшылық және жоғары лауазымдарда жеткілікті дәрежеде өкілдік етпейді: ОСК-ның жеті мүшесінің тек екеуі және облыстық АСК басшылығының 38 пайызы – әйелдер. Сайлаудың құқықтық негізінде мүгедектігі бар адамдардың немесе ұлттық азшылықтардың сайлау әкімшілігіндегі өкілдігін қамтамасыз етуге жәрдемдесетін қағидалар көзделмеген және мұндай деректер қоғамға қолжетімді болмады.³¹

ОСК сайлауға техникалық дайындықты кәсіби түрде және заңнамада белгіленген мерзімдерде жүргізді. ОСК тұрақты отырыстар өткізіп, оларды қазақ және орыс тілдерінде тікелей эфирде көрсетті және қазақ-орыс ым-ишарат тіліне ілеспе аудармамен қамтамасыз етті, алайда дыбыстық субтитрлер болған жоқ.³² Отырыстар туралы интернетте қысқа мерзім ішінде хабарланды, оларға бұқаралық ақпарат құралдары мен мүдделі тараптардың көпшілігі қатысты; кейбір отырыстардан кейін баспасөз брифингі өткізілді. ДИАҚБ СБМ байқаған отырыстарда шешімдер еш пікірталассыз немесе мазмұндық талқылаусыз бірауыздан қабылданды, бұл ОСК-ның шешім қабылдау процесінің ашықтығы мен есептілігін шектеді. Шешімдер ОСК веб-сайтында жедел жарияланды.

Төмен тұрған комиссиялар өз жұмысын кәсіби түрде және заңнамада белгіленген мерзімдерде орындады. Алайда өңірлердің көпшілігіндегі ДИАҚБ СБМ байқаушылары АСК-ның өз отырыстарын алдын ала жүйелі түрде хабарламай, қажеттілік туындаған сайын өткізгенін мәлімдеді, бұл АСК жұмысына байқау жүргізуге кедергі келтірді.

ОСК, АСК және УСК сайлау комиссияларының мүшелеріне жаңартылған құқықтық негіз бойынша тестілеуді қамтитын бүкіл ел бойынша каскадтық оқыту өткізді. Оқыту мүгедектігі бар сайлаушылармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі бейнекурсмен толықтырылды. Оқыту уақыты мен орны туралы ақпарат алуда кейбір қиындықтардың болғанына қарамастан, ДИАҚБ СБМ-нің ұзақмерзімді байқаушылары (ҰМБ) оқытудың кәсіби жүргізілгені мен интерактивті сипатын атап өтіп, оны жалпы оң бағалады. ОСК мен АСК саяси партияларды,

²⁹ Ұсынылған тұлғалардың оларды ұсынған ұйымдарға мүше болуы міндетті емес, ал мәслихаттар жекелеген кандидатураларды қабылдау немесе қабылдамау үшін дауыс бере алады. ОСК мәліметтері бойынша, 2026 жылғы шілдедегі жағдай бойынша төмен тұрған комиссиялар мүшелерінің 65,3 пайызын саяси партиялар, 32,2 пайызын қоғамдық бірлестіктер және 2,5 пайызын жоғары тұрған сайлау комиссиялары ұсынған.

³⁰ Облыстық және аудандық АСК құрамы тиісті әкімдіктердің веб-сайттарында жарияланды, алайда тағайындау туралы шешімдер мен кандидатураларды ұсынған ұйымдар туралы ақпарат жүйелі түрде жарияланбады. [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің № 34 жалпы түсіндірмесінің](#) 19-тармағында: «Ақпаратқа қол жеткізу құқығын жүзеге асыру үшін қатысушы мемлекеттер қоғам мүддесіне қатысты мемлекеттік ақпаратты өз бастамасымен қоғамға ұсынуға тиіс» деп көзделген.

³¹ [1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының](#) 31-тармағы кемсітушілікке тыйым салып, қатысушы мемлекеттерге ұлттық азшылықтарға жататын адамдардың құқықтарын толық әрі тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз ету шараларын қабылдау міндетін жүктейді, ал 35-тармағы олардың қоғамдық істерге тиімді қатысуын көздейді; сондай-ақ [1991 жылғы ЕҚЫҰ Мәскеу құжатының](#) 41.2-тармағын қараңыз. [Венеция комиссиясының 2002 жылғы Сайлау мәселелеріндегі озық практика кодексінің](#) II.3.1.d.iv-тармақшасын және оның Түсіндірме есебінің 76-тармағын да қараңыз, онда «сайлау комиссиясының құрамына... ұлттық азшылықтардың өкілдері кіруі мүмкін» деп көрсетілген.

³² 1 шілдеден бастап ОСК 11 отырыс өткізді, оның 10-ын ДИАҚБ СБМ бақылап, кандидаттарды тіркеу, рәсімдік мәселелер және негізгі үлгілер жөніндегі шешімдерді қоса алғанда, 32 шешім қабылданды.

аккредиттелген байқаушыларды және бұқаралық ақпарат құралдарын қоса алғанда, сайлау процесінің басқа да мүдделі тараптары үшін семинарлар ұйымдастырды.

Барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары жергілікті мемлекеттік орган өкілдерімен және бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесіп, қазақ және орыс тілдерінде сайлау күні мен сайлау процесі туралы сайлаушыларды ақпараттандыру жөніндегі ауқымды науқан өткізді. Алғаш рет дауыс беретін сайлаушыларға арналған ақпарат негізінен әлеуметтік желіде немесе өңірлік Жас сайлаушылар клубтары ұйымдастырған жастарға арналған іс-шаралар барысында тікелей таратылды³³. Мүгедектігі бар адамдар үшін дауыс беру қолжетімділігін арттыруға бағытталған бірнеше бастама іске асырылды, ал тиісті жоғары тұрған сайлау комиссиялары жанындағы мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтары жөніндегі жұмыс топтары сайлау учаскелерінің қолжетімділігіне тәуелсіз мониторинг жүргізді.³⁴ Ұлттық азшылықтарға арнайы бағытталған немесе азшылықтардың тілдерінде өткізілген ақпараттық іс-шаралар болған жоқ, бұл озық халықаралық тәжірибеге қайшы.³⁵

Сайлаушыларды тіркеу

18 жасқа толған азаматтардың дауыс беруге құқығы бар. Зияткерлік немесе психологиялық мүгедектігі негізінде сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдар, сондай-ақ жасаған қылмысының ауырлығына қарамастан бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адамдар халықаралық стандарттарға, ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және ДИАҚБ-ның бұрынғы ұсынымдарына қайшы түрде дауыс беру құқығынан айырылады.³⁶

Сайлаушыларды тіркеу пассивті сипатта және тұрақты тұрғылықты жеріне негізделеді. Әкімдіктер сайлаушылар туралы деректерді қағаз және электрондық нысанда жылына екі рет тиісті АСК-ға ұсынады; содан кейін деректер салыстырылып тексеріліп, ОСК жүргізетін Сайлаушылардың ұлттық тізіліміне енгізу үшін жоғары тұрған комиссияларға жіберіледі. 2 тамыздағы жағдай бойынша сайлаушы тізілімінде 12 605 788 сайлаушы туралы жазба болды. Сайлаушылар туралы жынысы бойынша бөлінген деректер қоғамға қолжетімді емес.³⁷ ХСБМ сұхбаттасушыларының көпшілігі сайлаушылар тізілімінің дәлдігіне сенім білдірді.

³³ Жас сайлаушылар клубтары (ЖСК) – ОСК бастамасымен 2022 жылы құрылған және жастардың сайлауға қатысуын ынталандыруға бағытталған ұйымдар. 2026 жылғы жағдай бойынша республикалық, өңірлік және аудандық деңгейлерде 3,000-нан астам мүшені біріктіретін 248 ЖСК жұмыс істейді.

³⁴ Жұмыс топтарының құрамына мамандандырылған азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдері кіреді; ОСК жұмыс тобының 23 мүшесінің 17-сі бүкіл елдегі мамандандырылған АҚҰ-ларды білдіреді. Сайлау учаскелері үлкейткіш әйнектермен, Брайль қарпімен таңбаланған бюллетень қаптамаларымен, қолжетімді дауыс беру кабиналарымен, сондай-ақ бюллетень мазмұнының аудиожазбасымен жабдықталды.

³⁵ [Венеция комиссиясының 2002 жылғы Сайлау мәселелеріндегі озық практика кодексінің](#) I.3.1.b-тармағында мемлекеттік органдардың оң міндеттемелері, атап айтқанда, сайлау туралы кейбір ақпаратты ұлттық азшылықтардың тілдерінде ұсыну көзделген.

³⁶ 1990 жылғы [ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының](#) 7.3-тармағында қатысушы мемлекеттер «кәмелетке толған азаматтарға жалпыға бірдей және тең сайлау құқығына кепілдік береді» деп көрсетілген. Сондай-ақ 1966 жылғы [АСКХП-ның](#) 25-бабын 2-бабымен бірге қараңыз. [Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның](#) 12 және 29-баптарын, сондай-ақ осы конвенцияның 12-бабына қатысты [№ 1 жалпы түсіндірменің](#) 48-тармағын қараңыз, онда «адамның шешім қабылдау қабілеті мүгедектігі бар адамдарды [...] дауыс беру құқығын [және] сайлауға түсу құқығын жүзеге асырудан шеттетуге негіз бола алмайды» деп көрсетілген. [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің № 25 жалпы түсіндірмесінің](#) 14-тармағында «егер құқық бұзушылық үшін сотталу дауыс беру құқығын тоқтата тұруға негіз болса, мұндай тоқтата тұру мерзімі құқық бұзушылық пен жазаға мөлшерлес болуға тиіс» және дауыс беру құқығынан айыру негіздері «объективті әрі орынды» болуға тиіс деп көрсетілген.

³⁷ [ӘЖЖК-нің](#) 7-бабын қараңыз. [ӘЖЖК жөніндегі комитеттің № 23 жалпы ұсынымының](#) 48(d)-тармағында «қатысушы мемлекеттер осы құқықтарды пайдаланатын ерлермен салыстырғандағы әйелдердің пайызын көрсететін, жынысы бойынша бөлінген статистикалық деректерді қамтуға тиіс» деп көрсетілген.

Сайлаушы тізімдерін тиісті әкімдіктер мемлекеттік халық дерекқорының негізінде жасайды. Әкімдіктер сайлаушылардың жаңартылған тізімдерін УСК-ға 2 тамызда ұсынды. Сайлаушы тізімдері 7 тамыздан бастап тексеру үшін қолжетімді болды. Осы күннен бастап сайлаушылар өз деректерін сайлау учаскелерінде және интернетте тексеріп, сайлау күніне дейін және сайлау күнінің өзінде түзету енгізуді талап ете алды. Мұндай өтініш бойынша УСК ол берілген күні шешім қабылдауға тиіс және шешім сот тәртібімен дереу қайта қаралуы мүмкін.³⁸

24 шілдеге дейін сайлау күні өзінің тұрғылықты жерінде болмайтын сайлаушылар уақытша тұратын жері бойынша тиісті сайлаушылар тізіміне енгізуді сұрай алды. Сайлау күніне дейінгі 15 күннен бастап 1 күнге дейін сайлаушылар дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін (AVC) сұрата алды, ол олардың тұрғылықты жерінен тыс кез келген сайлау учаскесінде дауыс беруіне мүмкіндік берді. Денсаулығына байланысты мәселелері бар, отбасы мүшелеріне күтім жасайтын немесе шалғай аудандарда тұратын сайлаушылар үшін сайлау күні сағат 12:00-ден кешіктірмей тиісті УСК-ға жазбаша өтініш беру шартымен дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру мүмкіндігі көзделді. Арнайы сайлау учаскелері заңнамаға сәйкес құрылды.³⁹

Заңға сәйкес УСК сайлаушылар тізіміне енгізілмеген, бірақ тиісті учаске аумағында тұратынын дәлелдей алатын сайлаушыларды сайлау күні тізімге енгізе алады, бұл халықаралық озық практикаға сәйкес келмейді.⁴⁰ Тіркелген мекенжайы жоқ азаматтарды дауыс беру күні уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеу және сайлаушылар тізіміне енгізу бүкіл ел бойынша 221 сайлау учаскесінде енгізілген онлайн жүйе арқылы қамтамасыз етілді. ХСБМ-нің кейбір сұхбаттасушылары УСК деңгейінде сайлау күні тіркеу процесіне байқаудың жеткіліксіздігіне және ықтимал құқық бұзушылықтар жағдайында құқықтық қорғау құралдарының тиімділігіне аландаушылық білдірді.

Партиялар мен кандидаттарды тіркеу

25 жасқа толған сайлау құқығы бар азаматтардың парламенттік сайлауға түсуге құқығы бар. Конституция сайлау күніне дейін Қазақстанда кемінде 10 жыл тұруды талап етеді, бұл халықаралық стандарттар мен ДИАҚБ-ның бұрынғы ұсынымдарына қайшы келеді.⁴¹ Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамдардың, сондай-ақ жасаған қылмысына қарамастан өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдардың кандидат болуға құқығы жоқ. Сайлау туралы заңға 2026 жылы енгізілген түзетулерге сәйкес кандидаттарды тек тіркелген саяси партиялар өз мүшелерінің арасынан

³⁸ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңға сәйкес сайлаушылар сайлаушылар тізіміндегі өз деректерін ғана тексеруді сұрай алады; сайлау күні УСК мүшелері басқа сайлаушылардың дербес деректерін жабу үшін деректерді қорғауға арналған трафареттерді пайдалануға тиіс.

³⁹ Арнайы сайлау учаскелері ауруханаларда, медициналық орталықтарда, шалғай аудандарда, маусымдық мал шаруашылығы орындарында, үздіксіз жұмыс істейтін кәсіпорындарда, вахталық жұмыс орындарында, тергеу изоляторларында, шетелдегі дипломатиялық өкілдіктерде және теңіздегі қазақстандық кемелерде құрылады.

⁴⁰ [Венеция комиссиясының 2002 жылғы Сайлау мәселелеріндегі озық практика кодексінің](#) 1.2.iv-тармағында «сайлау учаскелеріне сайлаушыларды сайлау күнінің өзінде тіркеуге рұқсат берілмеуге тиіс» деп ұсынылған.

⁴¹ 1966 жылғы [АСҚХП-ның](#) 25-бабын 2-бабымен бірге қараңыз. [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің № 25 жалпы түсіндірмесінің](#) 15-тармағында: «сайлауға түсуге өзге жағынан құқығы бар адамдар білім, тұрғылықты жер немесе шығу тегі сияқты негізсіз немесе кемсітушілік сипаттағы талаптар бойынша не саяси тиесілігіне байланысты шеттетілмеуге тиіс» деп көрсетілген. [Венеция комиссиясының 2002 жылғы Сайлау мәселелеріндегі озық практика кодексінің](#) 1.1.1.c.(iii), (iv)-тармақтарында «тұру ұзақтығына қатысты талап азаматтарға тек жергілікті немесе өңірлік сайлау үшін қойылуы мүмкін» және «тұрудың талап етілетін мерзімі алты айдан аспауға тиіс; ұзағырақ мерзім ұлттық азшылықтарды қорғау үшін ғана талап етілуі мүмкін» деп көрсетілген.

ұсына алады, ал тәуелсіз кандидат ретінде сайлауға түсу мүмкіндігі халықаралық стандарттар мен ДИАҚБ-ның бұрынғы ұсынымдарына қайшы түрде жойылды.⁴²

Саяси партиялар қатарындағы ХСБМ сұхбаттасушылары Сайлау туралы заңда талап етілгендей, кандидаттардың барлық тізімдерін партия съездері мақұлдағанын мәлімдеді.⁴³ Партиялардың жергілікті филиалдарындағы ДИАҚБ СБМ-нің кейбір сұхбаттасушылары партиялардың орталық аппараттарының кандидаттар тізімдерін қалай жасайтыны және кейіннен қандай кандидаттардың Құрылтайдан орын алатынын қалай шешетіні ашық емес екеніне алаңдаушылық білдіріп, екі процестің де нақты өлшемшарттарға немесе тиісті бақылауға бағынбайтынын атап өтті. Кандидаттарды тіркеу үшін кепіл жарна талап етіледі, оны төлеуден толық немесе ішінара босату көзделген, ал бес пайыздық сайлау шегінен өткен партияларға жарна қайтарылады.⁴⁴

Кандидаттарды тіркеу процесі тиімді жүргізілді. ОСК кандидаттар тізімдерін заңнамада белгіленген 23 шілде мерзіміне дейін тіркеді. Тіркеу кезеңі аяқталғанға дейін кандидатурасын алып тастаған бір кандидаттан басқасының барлығы тіркелді. Тіркелген жеті тізімге барлығы 545 кандидат, оның ішінде 172 әйел (31,5 пайыз) енгізілді. Барлық тізімдер әйелдерге, жастарға және мүгедектігі бар адамдарға арналған жиынтық 30 пайыздық квотаға сәйкес келді, ал тіркелген кандидаттардың 43,9 пайызы квота топтарының кемінде біреуіне жатты. «Ақ жол» 63, «Ауыл» – 69, «Әділет» – 186, «Байтақ» – 47, ЖСДП – 33, ҚХП – 72 және «Respublica» 75 кандидат ұсынды.

Сайлау туралы заң кандидаттар мен партиялық тізімдерді тіркеудің күшін жоюдың бірнеше негізін көздейді, соның ішінде мерзімінен бұрын үгіт жүргізу, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану және мүлік туралы декларацияларда анық емес мәлімет беру бар. Декларациялар үгіт кезеңі басталғаннан кейін екі аптаға дейін тексерілуі мүмкін, бұл кандидаттардың сайлауға одан әрі қатысуына қатысты белгісіздік туғызады. Халықаралық стандарттар мен озық практикаға қайшы, заңнамада мөлшерлес емес санкцияларды болдырмауға арналған жеткілікті кепілдіктер немесе тіркеу құжаттарындағы кемшіліктерді түзету мүмкіндіктері көзделмеген.⁴⁵ Жоғарғы Сот ОСК-ның партиялық тізімдерді тіркеу немесе тіркеу күшін жою туралы шешімдеріне берілген шағымдарды қарайды. Осы сайлау барысында мұндай істер болған жоқ.

⁴² [1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының](#) 7.5-тармағында қатысушы мемлекеттер «азаматтардың кемсітушіліксіз, жеке өзі немесе саяси партиялардың не ұйымдардың өкілі ретінде саяси немесе мемлекеттік лауазымға үміткер болу құқығын құрметтеуге» міндеттенді. Сондай-ақ 1966 жылғы АСКХП-ның 25-бабын 2-бабымен бірге қараңыз. [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің № 25 жалпы түсіндірмесінің](#) 17-тармағында «кандидаттардан партия мүшесі болуды талап ету арқылы адамдардың сайлауға түсу құқығы негізсіз шектелмеуге тиіс» деп көрсетілген. [ТМД-ның 2002 жылғы конвенциясының](#) 3.4-бабында «әрбір азаматтың сайлауда өз кандидатурасын ұсыну үшін тең құқықтық мүмкіндіктері болуға тиіс» деп көрсетілген.

⁴³ Кандидаттар тізімін ұсынған партия съезінің заңдылығына дау айтқан «Байтақ» партиясының екі мүшесінің талабын Астана қаласының ауданаралық соты қанағаттандырусыз қалдырды («Сайлау дауларын шешу» бөлімін қараңыз).

⁴⁴ Кепіл жарна әрбір кандидат үшін 1 275 000 теңгені (KZT) құрайды (1 еуро шамамен 540 теңгеге тең). Заңға сәйкес соңғы парламенттік сайлауда дауыстардың кемінде 5 пайызын алған саяси партиялар кепіл жарна төлеуден босатылады, 3–5 пайыз дауыс алған партиялар жарнаның жартысын, ал 1–3 пайыз дауыс алған партиялар 70 пайызын төлеуге тиіс. Бес партия жарнадан толық, «Байтақ» ішінара босатылды, ал «Әділет» толық соманы төледі.

⁴⁵ 1966 жылғы [АСКХП-ның](#) 25-бабын, [1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының](#) 24-тармағын, ДИАҚБ мен Венеция комиссиясының [Саяси партиялардың қызметін реттеу жөніндегі](#) 2023 жылғы қайта қаралған бірлескен ұсынымдарының 273-тармағын және [ДИАҚБ-ның Сайлаудың құқықтық негізін қайта қарау жөніндегі ұсынымдарының](#) 9.2-бөлімін қараңыз.

Үгіт науқанының ахуалы

Сайлау науқаны 23 шілдеден 21 тамызға дейін созылды.⁴⁶ Үгіт науқаны жалпы алғанда тыныш әрі ұйымдасқан түрде өтті және сайлау күні жақындаған сайын жандана түсті, алайда оның қарқындылығы мен көріну деңгейі өңірлер мен сайлауға қатысушылар арасында айтарлықтай ерекшеленді. Партиялардың тұғырнамалары мен үндеулерінде әлеуметтік және экономикалық мәселелердің кең ауқымы қамтылды, бірақ сайлауға қатысқан барлық саяси партиялар қазіргі Президенттің саясатын қолдады. Партиялар сайлаушылармен негізінен еркін байланыса алғанымен, олардың ресурстарындағы елеулі айырмашылықтар тең жағдайда бәсекелесу мүмкіндігін шектеді. ХСБМ-нің кейбір сұхбаттасушылары шынайы оппозициялық партиялардың жоғы және парламенттік сайлауға тәуелсіз түрде түсу құқығының жойылуы саяси қатысуды, плюрализмді және сайлаудағы бәсекелестікті шектегенін атап өтті.⁴⁷

Бүкіл елдегі үгіт науқанында «Әділет» партиясы үстемдік етті. Ол 2023 жылдан бері тіркелген алғашқы саяси партия, ал басқа партияларды тіркеу әрекеттері сәтсіз аяқталған еді. «АМАНАТ» партиясымен бірігу «Әділетке» кең ұйымдық мүмкіндіктер беріп, қалыптасқан инфрақұрылымды, партия қызметкерлерін, институционалдық тәжірибені, сондай-ақ басқа қатысушылардың мүмкіндіктерімен салыстыруға келмейтін ауқымды саяси желілер мен ресурстарды пайдалануға мүмкіндік берді.⁴⁸

ХСБМ барлық қатысушылардың жиналыстар, үй-үйді аралап үгіт жүргізу, үгіт материалдарын тарату, сайлаушылармен, қызметкерлермен және еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізу сияқты дәстүрлі үгіт тәсілдерін белсенді пайдаланғанын тіркеді.⁴⁹ ДИАҚБ СБМ-нің ұзақмерзімді байқаушылары үгіт іс-шараларындағы қоғамның белсенділігі әртүрлі болғанын хабарлады: кейбір іс-шараларға көптеген адам қатысып немесе олар оң қабылданса, басқалары негізінен формалды сипатта өтіп, қатысушылардың белсенділігі шектеулі болды.

Үгіт науқаны қатаң реттеледі, барлық мүдделі тараптарға қатаң қағидалар мен оларды сақтамағаны үшін санкциялар қолданылады. Құқықтық негіз үгіт жүргізу мүмкіндіктерінің теңдігін көздейді және сайлауға қатысушылар әкімшілік кедергісіз үгіт жүргізе алды. ДИАҚБ СБМ әкімдіктер мен сайлау комиссияларының заңға сәйкес үгіт жүргізу үшін тең жағдайлар жасағанын тіркеді, ал үгіт іс-шараларын өткізуге негізсіз тыйым салынғаны немесе шектеу қойылғаны туралы расталған мәліметтер болған жоқ.

⁴⁶ Сайлау күні және оның алдындағы күні интернеттегі үгітті қоса алғанда, кез келген үгіт жүргізуге тыйым салынады. Бұрын орналастырылған баспа немесе интернет материалдары орнында қалуы мүмкін. Заң мерзімінен бұрын үгіт жүргізуге тыйым салады, ол үшін әкімшілік айыппұл немесе кандидаттың не кандидаттар тізімінің тіркелуін жою көзделген.

⁴⁷ 27 шілдеде Алматыда өзін қолданыстағы саяси партиялар өкілдік етпейді деп санайтын партияда жоқ азаматтардың мүдделерін білдіру мақсатында жаңа қоғамдық-саяси «[11М қозғалысы](#)» құрылды. Қозғалыстың негізгі саяси стратегиясы сайлаушыларды «бәріне қарсымын» нұскасына дауыс беруге шақыру және сол арқылы қазіргі саяси жүйеде өкілдік етпейтін сайлаушылардың елеулі тобы бар екенін көрсету болды.

⁴⁸ Қайта ұйымдастыру партия мүшелігінің автоматты түрде ауысуын көздеген жоқ және «АМАНАТ» мүшелері «Әділетке» кіру үшін өтініш беруге тиіс; «Әділет» «АМАНАТ» партиясының өңірлік филиалдар желісі мен Астанадағы орталық аппаратының мүмкіндіктерін пайдаланып жатыр.

⁴⁹ ДИАҚБ СБМ 49 үгіт іс-шарасын байқады, оның 19-ында кемінде бір әйел сөз сөйледі, мүгедектігі бар бір спикер болған, ал жастар қатарынан 2 спикер сөз сөйледі; 20 үгіт іс-шарасында әйелдер, мүгедектігі бар адамдар және жастар мәселелері қамтылды; 25 іс-шара мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді болды, ал біреуінде ым-ишарат тіліне аударма қамтамасыз етілді. Жиырма екі іс-шара қазақ және орыс тілдерінде өткізілді. Қатысушылар арасында әйелдердің орташа үлесі 61 пайызды, ал жастар үлесі 42 пайызды құрады.

Құқықтық негіз сайлау науқандарында қызметтік жағдай мен әкімшілік ресурстарды теріс пайдалануға тыйым салады.⁵⁰ ДИАҚБ СБМ әкімшілік ресурстарды теріс пайдалану жағдайлары, соның ішінде мемлекеттік сектор қызметкерлерін үгіт іс-шараларына қатысушыларды жұмылдыруға тарту және муниципалдық әкімшіліктердің бірнеше саяси партияның үгіт іс-шараларымен байланысы туралы сенімді хабарламалар алды.⁵¹ «АМАНАТ» партиясының ұйымдық құрылымдары мен ресурстарын пайдаланған «Әділет» партиясының сайлау науқаны бүкіл ел бойынша ең ауқымды әрі көрнекі болды және ірі үгіт іс-шараларымен ерекшеленді,⁵² олардың кейбірі муниципалитеттер немесе басқа да мемлекеттік ұйымдар ұйымдастырған тегін қоғамдық іс-шаралармен тұспа-тұс келді.⁵³ Осы факторлардың жиынтығы «Әділет» партиясына негізсіз артықшылық беріп, мемлекет пен партия арасындағы шекараны бұлдыратты, бұл ЕҚЫҰ міндеттемелеріне қайшы келеді.⁵⁴

⁵⁰ Тыйымдар әскери қызметшілердің, ұлттық қауіпсіздік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, судьялардың, сайлау комиссиялары мүшелерінің, діни бірлестіктердің, мемлекеттік және жергілікті басқару органдары мен олардың лауазымды адамдарының, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде үгіт жүргізуіне және мемлекеттік лауазым атқаратын кандидаттардың сайлау науқандарында өзінің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын пайдалануына да қолданылады.

⁵¹ Ақтөбе, Алматы, Астана, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Өскемен, Петропавл, Шымкент, Тараз және Жезқазған қалаларында әкімшілік ресурстарды теріс пайдалану және мемлекеттік мекемелер мен саяси партиялар арасындағы шекараның бұлдырлануы туралы хабарланды. Атап айтқанда, әкімдердің сайлау науқандарын ұйымдастыруға және өткізуге қатысуы, сондай-ақ партиялардың көпшілігінің, соның ішінде «[Әділет](#)», «[Ақ жол](#)», «[Ауыл](#)», [ЖСДП](#) және [КХП](#) партияларының коммуналдық денсаулық сақтау және білім беру мекемелерінде, сондай-ақ мемлекеттік меншік кәсіпорындарында олардың қызметкерлерінің қатысуымен жұмыс уақытында үгіт іс-шараларын өткізуі туралы мәліметтер болды. ДИАҚБ мен Венеция комиссиясының 2023 жылғы Саяси партияларды реттеу жөніндегі жаңартылған бірлескен басшылық қағидаттарының 253-тармағын қараңыз, онда былай делінген: «Мемлекеттік ресурстарды теріс пайдалану көбінесе билеуші партияның бағдарламасы мен қызметін сайлауға дейін және сайлау кезінде насихаттау үшін мемлекеттік үй-жайларды, кеңсе жабдығын немесе мемлекеттік қызметкерлерді пайдалануды қамтиды [...] Мемлекеттік ресурстарды теріс пайдаланудың тағы бір кең таралған түрі – мемлекеттік қызметкерлерді манипуляциялау немесе қорқыту. [...] Үкіметтің мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлерден үкіметті қолдайтын митингіге қатысуды немесе билеуші партиялардың пайдасына, соның ішінде жұмыс уақытында үгіт жүргізуді талап етуі. Мұндай әрекеттерге заңмен нақты және барлық жағдайда тыйым салынуға тиіс». Сондай-ақ ДИАҚБ мен Венеция комиссиясының 2016 жылғы Сайлау процестері барысында әкімшілік ресурстарды теріс пайдаланудың алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен басшылық қағидаттарының II.B.1.1.1-тармағын қараңыз.

⁵² 27 және 28 шілдеде «Әділет» партиясы Ақтау мен Атырауда мыңдаған қатысушыны жинаған, ашық аспан астындағы концерттер, әуе шарлары мен дрон шоуы және партия бағдарламасының таныстырылымдары өткізілген ірі іс-шаралармен өзінің сайлау науқанын бастады. Сондай-ақ «Әділет» 3 тамызда Ақтөбеде, 4 тамызда Оралда және 9 тамызда Шымкентте концерттер мен дрон шоуын ұйымдастырды. ДИАҚБ СБМ Алматыдағы жергілікті әкімшілік ғимаратында «Әділет» партиясының үгіт материалдарын да тіркеді. 19 тамызда «Әділет» партиясы Астанада бейбіт жиналыстар өткізуге белгіленбеген жерде концерт пен дрондар шоуын ұйымдастырды.

⁵³ 24 шілдеде Түркістан муниципалитеті ашық аспан астындағы концерт пен дрон шоуы өтетінін [хабарлады](#), кейіннен бұл «Әділет» партиясының үгіт іс-шарасы екені [мәлім болды](#). 30 шілдеде Қарағанды қаласының муниципалдық саябақтар әкімшілігі тұрғындарды Орталық саябақтағы ашық аспан астында өтетін тегін концертке [шақырды](#). Келесі күні «Әділет» партиясының Қарағандыдағы филиалының Instagram akkaунтында партия логотипінің сахнада, іс-шара жүргізушілерінің қолындағы материалдарда және концерттен кейінгі дрон шоуында бейнеленгені көрсетілген іс-шара видеосы [жарияланды](#). 4 тамызда Оралдағы бұқаралық ақпарат құралы қалада тегін концерт пен одан кейін дрон шоуы өтетінін [хабарлады](#). Келесі күні «Әділет» партиясы іс-шара видеосын [жариялады](#), онда партия логотипі іс-шара барысында көрнекі түрде көрсетілген.

⁵⁴ [1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының](#) 5.4-тармағында «мемлекет пен саяси партиялар арасындағы нақты бөліну» көзделген. 7.6-тармақ қатысушы мемлекеттердің «саяси партиялар мен ұйымдардың заң мен билік органдары алдында тең қарым-қатынас негізінде өзара бәсекелесуіне мүмкіндік беретін қажетті құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етуге» міндеттейді. ДИАҚБ мен Венеция комиссиясының [Сайлау процестері барысында әкімшілік ресурстарды теріс пайдаланудың алдын алу және оған ден қою жөніндегі 2016 жылғы бірлескен ұсынымдары](#) құқықтық негізде «саяси тұрғыдан сезімтал мемлекеттік лауазымдарды атқару [...] мен кандидат болу арасындағы нақты бөлірудің көзделуін» талап етеді.

Барлық партиялар өздерінің үгіт науқандарын әлеуметтік-экономикалық мәселелерге, ауыл шаруашылығына, денсаулық сақтауға, білім беруге, қоршаған ортаға және саяси есептілікті арттыруға бағыттады. Үгіт үндеулері жергілікті жағдайларға, аудиторияға және нақты топтарға бейімделді. Партиялардың орталық аппараттары үгіт стратегиялары мен негізгі үндеулерді айқындап, үгіт іс-шараларын ұйымдастырды және материалдарды орталықтандырылған түрде дайындады.

Партиялардың көпшілігі өздерінің сайлау бағдарламалары мен іс-шараларында мүгедектігі бар адамдардың, жастар мен әйелдердің құқықтары мен инклюзиясы мәселелерін қамтыды, алайда олардың ешқайсысы осы мәселелерге ерекше назар аудармаған.⁵⁵ Үгіт іс-шаралары өтетін орындардың қолжетімділігі әртүрлі болды, ал нақты топтарға бағытталған ақпараттық жұмыс пен қолжетімді үгіт ақпараты шектеулі болды. ДИАҚБ СБМ-нің ұзақмерзімді байқаушылары мүгедектігі бар адамдардың үгіт іс-шараларына қатысуы төмен болғанын тіркеді. Жастар партия белсенділері және еріктілер ретінде, соның ішінде жастар қанаттары арқылы белсенді қатысты; кейбір партиялар іс-шараларын немесе үндеулерін тікелей жастарға бағыттады. Әйелдердің үгіт науқанына қатысуы шектеулі болып қалды және өңірлер бойынша ерекшеленді, бұл ретте әйелдер негізінен кандидат ретінде көрінген.⁵⁶ Әйелдерге арналған үндеулер мен ақпараттық іс-шаралар үгіт науқанының кейінгі кезеңінде арнайы кездесулер мен іс-шаралар арқылы жанданды. Азшылықтардың құқықтары үгіт науқанында қамтылмады және нақты топтарға бағытталған кемсітушілік сипаттағы үгіт риторикасы тіркелмеген. Үгіт іс-шаралары мен материалдарында қазақ және орыс тілдері қолданылған.

2026 жылғы түзетулер үгіт науқанын реттеуді әлеуметтік желі платформаларына дейін де кеңейтті. Алайда кейбір қағидалар әлеуметтік медиа ерекшеліктеріне арнайы бейімделмей, тек дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына тән ережелерді интернет кеңістігі аясына көшіреді, ал оларды іске асыру құзыретті органдарға қалдырылған. Саяси партиялар қатарындағы ХСБМ сұхбаттасушыларының көпшілігі әлеуметтік желілер сайлаушылармен байланыс орнатудың негізгі құралы болғанын мәлімдеді.⁵⁷ Саяси ақпарат тарату және сайлаушыларды тарту үшін ең танымал платформалар Instagram мен Facebook болды, TikTok негізінен блогерлер мен инфлюенсерлер дайындаған саяси контент үшін, ал Threads кең ауқымды саяси пікірталастар үшін пайдаланылды.⁵⁸

⁵⁵ [ӘКЖК-нің](#) 7-бабын және [1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген](#) құжатының 31, 32 және 35-тармақтарын да қараңыз.

⁵⁶ ДИАҚБ СБМ сұхбаттасушылары бұл шектеулерді құқықтық немесе ресми кедергілермен емес, дәстүрлі гендерлік рөлдермен, отбасылық міндеттердің мөлшерсіз бөлінуімен және саяси ықпалдың тең болмауымен байланыстырды.

⁵⁷ «Әділет» пен ҚХП-ның үгіт ақпаратын және сайлауға қатысты жаңартуларды тарату әрі кандидаттарды ілгерілету үшін арнайы [Adilet quryltai](#) және [Halykpartiyasy media](#) Instagram akkauntтары болды. Басқа партиялар өздерінің өңірлік және жергілікті филиалдарының қолданыстағы әлеуметтік желі akkauntтарын пайдаланды.

⁵⁸ 17 шілдеде ДИАҚБ СБМ саяси партиялар мен олардың төрағаларына, кандидаттарға, инфлюенсерлерге, журналистерге, құқық қорғаушыларға және жергілікті әкімшіліктерге тиесілі шамамен 50 Facebook және Instagram akkauntына мониторинг жүргізуді бастады. Ұқсас контент Instagram-да, әдетте, Facebook-пен салыстырғанда көбірек аудитория жинаған. Кандидаттар мен партия басшыларының жеке жазбалары ресми партиялық akkauntтарда жарияланған жазбаларға қарағанда көбірек белсенділік туғызды.

ДИАҚБ СБМ-нің әлеуметтік желілердегі үгіт науқанына жүргізген мониторингі Meta платформаларында ақылы жарнаманың шектеулі болғанын анықтады.⁵⁹ Жасанды интеллект арқылы жасалған визуалды контент тек бірнеше жағдайда ғана тиісті түрде таңбаланған. Партиялар мен кандидаттардың интернеттегі коммуникациясы негізінен жағымды сипатта және бағдарламалық мәселелерге бағытталды, ал текетірес сипатындағы пікірталас жағдайлары шектеулі болды.⁶⁰ Саяси сарапшылардың, кейбір журналистер мен құқық қорғаушылардың жазбалары неғұрлым сыни сипатта болып, негізінен бұқаралық ақпарат құралдары мен пікір білдіру бостандығына, журналистер мен белсенділерге қысым көрсетуге, олардың әлеуметтік желілердегі аккаунттарының бұғатталғаны туралы хабарламаларға, саяси астары бар деп қабылданған сот процестеріне, азаматтық кеңістіктің шектелуіне және сайлау ахуалындағы бәсекелестікке арналды.

Дезинформация мен шетелдік араласуға қарсы іс-қимыл механизмдері туралы қоғамдық ақпараттың жетіспеушілігі, олар негізінен үкіметтік және ұлттық қауіпсіздік органдарының қолында орталықтандырылғандықтан, олардың тиімділігін бағалауды мүмкін етпеді. Мәдениет және ақпарат министрлігі (МММ) интернет кеңістігіне, соның ішінде сайлауға қатысты ықтимал құқық бұзушылықтарға мониторинг жүргізді. Жалған ақпаратпен күресу міндеті жүктелген Президент Әкімшілігі жанындағы Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы сайлау науқанына қатысты жалған ақпараттың бірнеше жағдайы туралы хабарлап, оларды теріске шығарды.⁶¹ Билік органдары ұлттық қауіпсіздік пен сайлау адалдығын қорғау мақсатында заңнаманы оңтайландыру және ірі интернет-платформалармен ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі күш-жігер туралы хабарлады, алайда ынтымақтастық нәтижелерін ұсынбады. Үгіт науқаны барысында мониторинг нәтижелері қоғамдық тәртіпті бұзу туралы бірнеше болжамды істі негіздеу үшін пайдаланылды.⁶² ХСБМ-нің кейбір сұхбаттасушылары интернеттегі контентке қатысты аясы кең тұжырымдалған шектеулер мен оларды қолдану,

⁵⁹ 20 тамыздағы жағдай бойынша Meta жарнама кітапханасын талдау нәтижесінде «Әділет» (277 ақылы жарияланым үшін 14 095 еуро), «Ақ жол» (тиісті белгісі бар 39 ақылы жарияланым үшін 2 165 еуро және тиісті белгісі жоқ алты ақылы жарияланым үшін 87 еуро), «Байтақ» (19 ақылы жарияланым үшін 261 еуро), ЖСДП (тиісті белгісі жоқ үш ақылы жарияланым үшін 87 еуро), ЖСДП-ның Павлодардағы филиалы (тиісті белгісі жоқ екі ақылы жарияланым үшін 87 еуро) және «Respublica» (тиісті белгісі жоқ төрт ақылы жарияланым үшін 174 еуро) партияларының ақылы саяси жарнамалары анықталды. «Байтақ» партиясының төрағасы Азаматхан Әмірхановтың Instagram-дағы аккаунтында тиісті белгісі бар 34 ақылы жарнама (174 еуро) және тиісті белгісі жоқ бір ақылы жарияланым (87 еуро) орналастырылған. «Respublica» партиясының төрағасы Айдарбек Қожаназаровтың [Instagram](#) аккаунтында тиісті белгісі жоқ екі ақылы жарнама (87 еуро) орналастырылған.

⁶⁰ ҚХП төрағасының орынбасары Бейбіт Құсайынов ЖСДП Конституцияны дұрыс түсінбейді деп [айыптаған](#) кезде, ЖСДП төрағасы Асхат Рақымжанов қарсыласының заң шығару саласындағы құзыретіне күмән келтіріп [жауап берді](#). ҚХП кандидаты «Байтақтың» корпоративтік жауапкершілік туралы ұсынысы құқықтық бейберекеттікке алып келуі мүмкін екенін [ескерткен](#), ал «Байтақ» төрағасы Азаматхан Әмірханов ҚХП-ны ірі бизнес мүдделерін қорғайды деп [айыптаған](#). Сонымен қатар «Respublica» «Ақ жолдың» бағаларды мемлекеттік реттеуден босату жөніндегі ұсынысын қауіпті эксперимент деп [сипаттап](#), кейінірек партияның саясаттағы жиырма жылдан астам қызметінің нәтижелеріне [күмән келтірді](#). «Ақ жол» өз кезегінде «Respublica» бағдарламасын популистік деп [сипаттап](#), оның кейбір кандидаттарының құзыретіне күмән білдірген. ҚХП сондай-ақ ЖСДП-ның кәсіподақтарға қатысты тәсілін радикалды және кәсіподақ қозғалысына ықтимал зиян келтіретін тәсіл деп [сынға алды](#).

⁶¹ 2025 жылғы тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің құрамында «жалған ақпаратты анықтау және теріске шығару; объективті әрі тексерілген деректерді ұсыну және ақпаратты жауапкершілікпен тұтыну мәдениетін дамыту» мақсатында жаңа Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы [құрылды](#). [Хабарланғандай](#), үгіт науқаны кезінде Орталық сайлауға қатысушыны қолдағаны үшін қаржылай сыйақы беруге уәде еткен және үгіт іс-шараларына шақырған қоғам қайраткерлерінің бейнелері мен мәлімдемелерін қамтитын дипфейк үгіт материалдарының бірнеше жағдайын анықтады. Орталық мұндай контент үшін және рұқсат етілмеген жиналыстарға қатысқаны үшін санкциялар қолданылатынын ескертті.

⁶² Мұндай істер негізінен әлеуметтік желілерде балағат сөздер мен қорлайтын әрекет ретінде сараланған өзге де мінез-құлық түрлерін қолдануға қатысты болды.

соның ішінде контентті жаппай жою саяси пікір білдіру мен сыни пікірлерді басуға алып келуі мүмкін деген аландаушылық білдірді.⁶³

Сайлау науқанын қаржыландыру

Соңғы заңнамалық түзетулер жарналар мен шығыстардың шекті мөлшерін, сондай-ақ сайлау қорларынан тыс науқанды қаржыландыру үшін санкцияларды ұлғайтып, заттай нысандағы қайырымдылыққа тыйым салды. ДИАҚБ мен GRECO-ның бұрынғы ұсынымдары, соның ішінде қаржыландыру көздерін, шығыстардың нақты баптары мен аудиторлық есептерді ашып көрсету арқылы сайлау науқанын қаржыландыру туралы ақпараттың жан-жақты ашықтығын қамтамасыз ету, бақылау және аудит тетіктерін күшейту жөніндегі ұсынымдар, сондай-ақ сайлауға қатысушылардың аралық қаржылық есептері мен үшінші тұлғалардың үгіт жүргізуіне қатысты ДИАҚБ ұсынымдары ескерусіз қалды.⁶⁴ Сайлау науқанын қаржыландыру қағидаларын бұзу ақшалай айыппұлдарға, үміткерлер тізімінің тіркелуін жоюға немесе сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тануға алып келуі мүмкін, бұл санкциялардың мөлшерлестігіне қатысты сұрақтар туғызады.⁶⁵ Байқау іс-шараларының ашықтығы шектеулі болғандықтан және сайлау күніне дейін сайлау науқанын қаржыландыру туралы толық деректер жарияланбағандықтан, осы негіздің тиімділігін бағалау қиын болып қалады. Ақпараттың ашып көрсетілмеуі сайлау науқанын қаржыландыру есептілігіне нұқсан келтіріп, сайлаушылардың саналы таңдау жасау мүмкіндігін шектейді.⁶⁶

Парламентте өкілдік ететін саяси партиялар алдыңғы сайлау нәтижелеріне барабар мөлшерде жыл сайын мемлекеттік қаржыландыру алады; бұл қаражатты партиялар өздерінің жарғылық қызметіне пайдалана алады, бірақ үгіт мақсаттарына жұмсай алмайды.⁶⁷ Саяси партиялар өздерінің қаржыландыруы туралы мемлекеттік кіріс органдарына есеп беруі және жыл сайынғы есептерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы тиіс, бірақ GRECO ұсыныстарына қарамастан, тұрақты немесе үгіт-насихат шоттарындағы ақпарат қоғамға қолжетімді емес.

⁶³ Соның ішінде Meta платформаларындағы Instagram, Facebook және WhatsApp жазбалары. Үгіт науқаны кезінде ДИАҚБ СБМ сұхбаттасушылары сайлауға қатысты жазбалардың, соның ішінде билікті сынайтын контенттің жарияланғаннан кейін көп ұзамай қолжетімсіз болып қалу үрдісі туралы хабарлады, ал оларды жою тетігі түсініксіз болып қалды. 6 тамызда Ішкі істер министрлігі полицияның әлеуметтік желілердегі заңсыз контентке тұрақты түрде мониторинг жүргізетінін және тек алдыңғы 24 сағат ішінде осындай контент жариялағаны үшін Қазақстанның [екі азаматы](#) жауапқа тартылғанын [мәлімдеді](#).

⁶⁴ GRECO-ның «Партияларды қаржыландырудың ашықтығы» атты [Қазақстан бойынша үшінші бағалау кезеңінің 2025 жылғы бағалау есебінің](#) 86, 88, 89 және 97-тармақтарын қараңыз.

⁶⁵ [Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің](#) 115–117-баптарын қараңыз. Мысалы, үгіт науқанын сайлау қорынан тыс қаржыландыру донорға байланысты 108 125–216 250 теңге мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. Сайлау туралы заңның 34(10)-бабында сайлау қорларына қатысты құқық бұзушылықтар үшін аумақтағы немесе округтегі нәтижелерді жарамсыз деп тану көзделген. ДИАҚБ мен Венеция комиссиясының [Саяси партиялардың қызметін реттеу жөніндегі](#) 2023 жылғы қайта қаралған бірлескен ұсынымдарының 272-тармағында «санкциялар [...] тежеуші сипатта болуға тиіс. [...] Санкциялар орындалатын, сонымен қатар әрқашан объективті, тиімді және нақты құқық бұзушылыққа мөлшерлес болуға тиіс» деп көрсетілген; 282-тармақта «барлық санкциялар икемді және мөлшерлес сипатта болуға тиіс. Қаржылық құқық бұзушылық жағдайында тартылған ақша сомасы, [...] құқық бұзушылықты жасыру әрекеттері және оның қайталанатын сипатта болуы ескерілуге тиіс» деп көрсетілген.

⁶⁶ ДИАҚБ мен Венеция комиссиясының [Саяси партиялардың қызметін реттеу жөніндегі](#) 2023 жылғы қайта қаралған бірлескен ұсынымдарының 260–263-тармақтары.

⁶⁷ 2025 жылғы 8 желтоқсандағы № 239-VIII «[2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы](#)» заңда 2026 жылға жалпы сомасы 19 525 миллиард теңге қаражат бөлінген. [ОСК-ның 2009 жылғы 3 қыркүйектегі № 166/314 қаулысына сәйкес, енгізілген өзгерістерді ескере отырып](#), қаражат әрбір берілген дауыс үшін 0,65 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде есептеліп, ай сайын төленеді.

Парламенттік сайлау науқандары тек саяси партиялардың сайлау қорлары арқылы қаржылануға тиіс; кандидаттардың жеке сайлау қорларына тыйым салынады. Сайлау қорлары саяси партиялардың қаражатынан және азаматтардың, соның ішінде кандидаттардың, сондай-ақ отандық заңды тұлғалардың ақшалай жарналарынан қалыптастырылуы мүмкін. Заң қайырымдылық және діни ұйымдардан, мемлекет қаржыландыратын ұйымдардан, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан жарна алуға, сондай-ақ шетелдік және жасырын жарналарға тікелей тыйым салады. Заң азаматтарға қаржыландыруды талап етпейтін үгіт іс-шараларын өткізуге мүмкіндік береді. Үшінші тұлғалардың үгіт іс-шараларын ұйымдастыру қағидалары нақты емес және оларға есептілік міндеттемелері қолданылмайды.⁶⁸ Заттай нысандағы қайырымдылыққа тыйым салу халықаралық озық практикаға сәйкес келмейді.⁶⁹

2026 жылғы түзетулер қайырымдылықтар мен шығыстардың шекті мөлшерін едәуір ұлғайтты.⁷⁰ Саяси партиялар 1,275 миллиард теңгеге дейін жарна енгізе алады, ал жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар тиісінше 25,5 миллион және 127,5 миллион теңгеге дейін қайырымдылық жасай алады; жалпы қайырымдылық сомасы 2,55 миллиард теңгеден аспауы тиіс. Сайлау қорлары 3,8 миллиард теңгеге дейін жетуі мүмкін.⁷¹ Үгіт науқанының барлық кірістері мен шығыстары ОСК айқындаған банктегі арнайы шот арқылы жүруге тиіс.⁷²

Саяси партиялар ДИАҚБ СБМ-ге үгіт науқанының қаржысын өңірлік филиалдарымен консультациялар жүргізе отырып жоспарлағанын, ал қаражатты басқару орталықтандырылғанын хабарлады.⁷³ ОСК жариялаған деректерге сәйкес сайлауға қатысушылар өз науқандарын негізінен өз қаражатынан (2 қатысушы), азамат қайырымдылығынан (3 қатысушы) және заңды тұлға қайырымдылығынан (2 қатысушы) қаржыландырды. Бір партия («Ауыл») партия қаражатын пайдаланбағанын хабарлады. «Әділет» 3,6 миллиард теңгеден асатын ең көп жарна алды және шамамен 820 миллион теңгені құраған ең қымбат үгіт науқанын жүргізді.⁷⁴

Сайлау туралы заң сайлауға қатысушылардың сайлау науқанын қаржыландыру жөніндегі аралық немесе қорытынды есептерді ұсынуын көздемейді, бұл халықаралық стандарттар мен

⁶⁸ Сайлау туралы заңның 27(9)-бабы.

⁶⁹ ДИАҚБ мен Венеция комиссиясының [Саяси партиялардың қызметін реттеу жөніндегі](#) 2023 жылғы қайта қаралған бірлескен ұсынымдарының 209-тармағында «барлық адамдар өздері таңдаған саяси партияны қаржылық және заттай жарналар арқылы қолдайтынын еркін білдіруге құқылы болуы тиіс» деп көрсетілген, ал 216-тармақта «қаржылық қайырымдылықты реттеумен қатар, заңнама жеке донорлардың – жеке және заңды тұлғалардың заттай қолдауын да реттеуі тиіс. Заттай қайырымдылық “тегін ұсынылған немесе нарықтық құнынан төмен баға бойынша есепке алынған барлық сыйлықтар, қызметтер немесе мүлік” ретінде айқындалуы мүмкін» деп көрсетілген.

⁷⁰ [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің № 25 жалпы түсіндірмесінің](#) 19-тармағында: «сайлаушылардың еркін таңдауына нұқсан келтірмеу немесе кандидаттың не партияның пайдасына мөлшерлес емес шығыстар арқылы демократиялық процесті бұрмаламау үшін қажет болған жағдайда үгіт шығыстарына орынды шектеулер қою ақталуы мүмкін» деп көрсетілген.

⁷¹ Тиісінше 15 000 (5 000-нан ұлғайтылған), 30 000 (10 000-нан ұлғайтылған), 300 және 1 500 ең төменгі жалақы.

⁷² [ОСК-ның 2026 жылғы 1 шілдедегі № 28/57 шешімімен](#) сайлау қорларының арнайы уақытша шоттары ашылып, жүргізілуге тиіс банк мекемесі ретінде «Қазақстан Халық Банкі» айқындалды.

⁷³ «Ақ жол» өз үгіт науқанының жалпы құнын 1–1,2 миллиард теңге, «Байтақ» 2 миллиард теңге, ЖСДП 600–650 миллион теңге, ҚХП 400 миллион теңге, ал «Respublica» 1 миллиард теңге деп бағалады. «Әділет» пен «Ауыл» бағалау ұсынбады.

⁷⁴ [ОСК-ның 1999 жылғы 7 тамыздағы № 19/222 регламентінің](#) 2026 жылы енгізілген өзгерістерді ескергендегі 23-тармағы. ОСК сайлау қорларына түскен қайырымдылық мен шығыстар туралы ақпаратты өз веб-сайтында жариялады. ОСК жариялаған сайлау науқанын қаржыландыру туралы ақпаратқа сәйкес, [16 тамыздағы](#) жағдай бойынша «Әділет» партиясының кірістері мен шығыстары ең жоғары болды (тиісінше шамамен 3,6 миллиард теңге және 820 миллион теңге), одан кейін «Ақ жол» (тиісінше шамамен 549 миллион теңге және 548 миллион теңге) және ЖСДП (тиісінше шамамен 542 миллион теңге және 501 миллион теңге) орналасты.

озық практикаға қайшы түрде ашықтық пен есептілікті шектейді.⁷⁵ Саяси партиялардың қорытынды есептерді ұсыну міндеті 2023 жылы заңнан алынып тасталғанымен, ол ОСК қаулысында сақталған. Оң жайт ретінде ОСК қаулысында әрбір партияның жарналары, азамат және заңды тұлға қайырымдылығы және үгіт науқанына қатысты шығыстары туралы ақпаратты сайлау күніне дейін екі рет жариялау көзделгенін атап өтуге болады. Бұл талап орындалды, алайда ақпарат мазмұнды ашықтықты қамтамасыз етпеген және қоғамдық бақылау жүргізуге мүмкіндік бермеген шектеулі жинақталған форматта жарияланды.⁷⁶

Заң сайлау науқанын қаржыландыру туралы ақпаратты ОСК-ның нәтижелер жарияланғаннан кейін 10 күн ішінде жариялауын көздейді. Алайда заңға тәуелді актілерде белгіленген сайлау науқанын қаржыландыру туралы ақпаратты ұсыну және жариялау мерзімдері заңда белгіленген жариялау мерзімдеріне сәйкес келмейді, бұл жеткілікті құқықтық айқындықты қамтамасыз етпейді.⁷⁷ ОСК әзірлеген мұндай есептердің үлгілері сайлауға қатысушылардың кірістері мен шығыстары туралы егжей-тегжейлі бөлінбеген жалпы ақпаратты талап етеді, ал сыртқы аудит жүргізу немесе есептерді толық көлемде жариялау міндеті көзделмеген.⁷⁸

ОСК-ға сайлау науқанын қаржыландыруды бақылау міндеті жүктелген, алайда бақылау банктер ұсынатын деректермен шектеледі, ал талаптардың орындалуы негізінен сайлау қорлары аударымдарының көздеріне, алушылары мен сомаларына қойылатын заң талаптарының сақталуына банктің жүргізетін бақылауына сүйенеді.⁷⁹ Тәуелсіз тексеру немесе фактілерді анықтау тетігі жоқ, бұл бақылаудың ауқымы мен тиімділігін шектеп, сайлаушылардың сайлауға қатысушыларды жауапқа тарту мүмкіндігін төмендетеді.

Бұқаралық ақпарат құралдары

Медиа нарығында тікелей меншік және ашық емес бюджеттік субсидиялар арқылы мемлекет үстемдік етеді. Бұл факторлар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарын қаржыландыру шектеулілігімен және редакциялық мазмұнға мемлекеттің ықпал ететіні туралы хабарламалармен бірге тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарының көптігіне қарамастан,

⁷⁵ ДИАҚБ мен Венеция комиссиясының [Саяси партиялардың қызметін реттеу жөніндегі](#) 2023 жылғы қайта қаралған бірлескен ұсынымдарының 261-тармағы аралық есептілікті көздейді. GRECO-ның [Қазақстан бойынша үшінші бағалау кезеңінің](#) 2025 жылғы бағалау есебінің 94-тармағында саяси партиялардың шоттарындағы ақпаратты (тұрақты қызмет және сайлау науқандары), соның ішінде белгілі бір шектен асатын жеке қайырымдылық мен донорлардың жеке басы туралы ақпаратты қоғам үшін оңай әрі уақтылы қолжетімділікпен жариялауды қамтамасыз ету ұсынылады.

⁷⁶ ОСК 2 тамыздағы жағдай бойынша сайлау науқанын қаржыландыру туралы ақпаратты 8 тамызда, ал 16 тамыздағы жағдай бойынша ақпаратты 20 тамызда жариялады. 2003 жылғы [БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының](#) 7(3)-бабы мемлекеттерге сайлау мен саяси партияларды қаржыландыру ашықтығын арттыру үшін адал күш-жігер жұмсау міндетін жүктейді. ДИАҚБ мен Венеция комиссиясының [Саяси партиялардың қызметін реттеу жөніндегі](#) 2023 жылғы қайта қаралған бірлескен ұсынымдарының 247-тармағында: «Партияларды есепті ету үшін сайлаушыларда саяси партияларға көрсетілетін қаржылық қолдау туралы тиісті ақпарат болуы тиіс» деп көрсетілген.

⁷⁷ [Сайлау туралы заңның 34\(4\)-бабы](#) және [ОСК-ның 1999 жылғы 7 тамыздағы № 19/222 қаулысы \(өзгерістерімен\)](#) саяси партиялардан нәтижелер белгіленгеннен кейін 10 күн ішінде ОСК-ға қаржы есептерін ұсыну талап етеді, ал [ОСК-ның 2018 жылғы 25 тамыздағы № 12/201 қаулысы \(өзгерістерімен\)](#) ОСК-дан нәтижелер жарияланғаннан кейін бес күн ішінде бұл ақпаратты жариялау үшін мерзімді басылымдарға жіберуді талап етеді.

⁷⁸ [Сайлау туралы заңның 34\(4\)-бабы](#) және [өзгерістерімен бірге ОСК-ның 2018 жылғы 25 тамыздағы № 12/201 қаулысы](#), сондай-ақ ОСК-ның 1999 жылғы 7 тамыздағы № 19/222 «Сайлау қорының арнайы уақытша шотын ашу және оның қаражатын жұмсау қағидаларын бекіту туралы» қаулысының 20-тармағына өзгерістер енгізген [ОСК-ның 2026 жылғы 30 маусымдағы № 23/37 қаулысы](#).

⁷⁹ Банк сайлау қорларымен жасалған барлық операциялар туралы ақпаратты ОСК-ға апта сайын және сұрау салу бойынша ұсынады.

медиа плюрализмді шектейді.⁸⁰ Телевизия негізгі ақпарат көзі болып қала береді, алайда әлеуметтік желілердің танымалдығы айтарлықтай артты.⁸¹ БАҚ бостандығына қатысты бұрыннан келе жатқан бірқатар алаңдаушылықтар сақталуда, соның ішінде журналистерге қарсы бағытталған Қоғам қатысуына қарсы стратегиялық сот талаптары (SLAPP), журналистерді аккредиттеуді кідірту,⁸² интернеттегі контентті жиі жою және веб-сайттарды бұғаттау тәуелсіз сыни жарияланымдарды шектейді.⁸³ БАҚ өкілдері қатарындағы ХСБМ сұхбаттасушылары тәуелсіз БАҚ өкілдерін қамауға алу және оларға қысым көрсету жаппай өзін-өзі цензурауға алып келетінін мәлімдеді, ал көптеген журналистер ХСБМ-ге қайта-қайта және әртүрлі нысанда жасалған қорқыту әрекеттері олардың сайлауды жариялаудан бас тартуына себеп болғанын хабарлады.⁸⁴ Журналистерді қудалауға қатысты ұлттық және халықаралық ұйымдардың қоғамдық үндеулері үгіт кезеңінде тиісті билік органдары тарапынан жауапсыз қалды.⁸⁵

⁸⁰ [2026 жылғы тамыздағы жағдай бойынша](#) Қазақстанда 4 869 бұқаралық ақпарат құралы тіркелген. 2026 жылғы [мемлекеттік бюджетте](#) «мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыруға» 67 миллиард теңге бөлінді. [Соттың 15 шілдедегі шешімінде расталғандай](#), бұқаралық ақпарат құралдарына берілетін мемлекеттік субсидиялар туралы ақпарат жариялауға жатпайды. 2025 жылы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары шектеулі қаржыландыруға, қызметкер жетіспеушілігіне және Үкімет тарапынан көрсетілетін қысымға байланысты [қиындықтар туралы хабарлады](#).

⁸¹ [2025 жылғы қыркүйектегі сауалнамада](#) респонденттердің 59 пайызы телевизияны ең сенімді ақпарат көзі деп атады, ал 34,7 пайызы әлеуметтік желілерге сенетінін көрсетті. [2025 жылғы қазанда](#) әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланушылар саны 16,9 миллион болды.

⁸² 16 шілдеде «Азаттық радиосының» (Radio Free Europe/Radio Liberty радиосының қазақ тіліндегі қызметі) өкілдері Сыртқы істер министрлігінің (СІМ) аккредиттеу туралы өтініштерді қарауды заңда рұқсат етілгендей қыркүйектің ортасына дейін кейінге қалдыру туралы шешімінен кейін олардың 11 журналисі осы сайлау науқанына аккредиттелмей қалғанын [хабарлады](#). Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары сайлауды жариялау үшін 16 тамызға дейін [уақытша аккредиттеуге](#) өтініш бере алды.

⁸³ 19–20 шілдеде KazTag веб-сайты [DDoS-шабуылдарға](#) ұшырап, уақытша жұмыс істемеді. Үгіт науқаны басталғаннан бері Otkir Kurek билік органдарына оның көптеген материалдарының жойылуын тергеу туралы өтініш білдірді; 29 шілдеде [аккаунт толығымен бұғатталды](#). 27 шілдеде [Құқықтық медиа орталық](#) өз веб-сайтына шабуыл жасалғанын хабарлап, интернеттегі бұғаттаулар мен контентті жоюды «сайлау науқаны кезінде тәуелсіз журналистер мен азаматтық қоғам ұйымдарына қысымның күшейіп келе жатқанының тағы бір алаңдатарлық белгісі» деп сипаттады. 1 тамызда [Orda.kz](#) фишинг әрекеттері мен оның Facebook парақшасының бұғатталғаны туралы хабарлады. Үгіт науқанының соңғы аптасында Мәдениет және ақпарат министрі МАМ-ның әлеуметтік желілердегі аккаунттарды бұғаттамайтынын [атап өтіп](#), сонымен бірге платформаларды «заңсыз материалдар мен пікірді заңды түрде білдіруді нақты ажырата отырып», «заңсыз контентті жою жөніндегі күш-жігерді жандандыруға» шақырды.

⁸⁴ Көптеген журналист ХСБМ-ге соңғы уақытта бас бостандығынан айыру жазалары санының өсуі, өздеріне немесе отбасы мүшелеріне қатысты қорқыту әрекеттері, соның ішінде жұмысынан айырылу қаупі, сондай-ақ интернеттегі контентті тұрақты әрі үйлестірілген түрде жою үрей туғызатын әсер қалыптастырғанын мәлімдеді; кейбір журналистер өз материалдарын формалды тәсілмен ОСК-ның ресми ақпаратына немесе тек ақылы контентке бағыттайтынын айтты. ЕҚЫҰ-ның БАҚ бостандығы жөніндегі өкілінің 2025 жылғы қараша – 2026 жылғы сәуір кезеңіне арналған [ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесіне берілген](#) 2026 жылғы тұрақты есебінде «аясы кең тұжырымдалған нормалар негізінде қозғалған қылмыстық істер қоғам мүддесіне қатысты мәселелерді жариялайтын журналистерге әсер етті» деп көрсетілген (11-бет).

⁸⁵ 5 тамызда [Журналистерді қорғау комитеті](#) (ЖҚК) Қазақстанды «журналист Лұқпан Ахмедияровтың елден шығуына салынған тыйымды алып тастауға және оны қудалауды тоқтатуға» шақырды. 6 тамызда [«Әділ сөз» қоры](#) Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураны журналист Динара Егеубаеваға қарсы ұйымдастырылған жалған ақпарат науқандарына ашық тергеу жүргізуге және құқықтық баға беруге шақырды. 10 тамызда [Құқықтық медиа орталық](#) билік органдарын «журналистерді қудалау практикасын тоқтатуға және сот істерінің бейтарап әрі тәуелсіз қаралуын қамтамасыз етуге» шақырды. 14 тамызда [Freedom for Eurasia](#) ұқсас қоғамдық үндеу жасады. 20 тамызда ЖҚК екінші мәлімдемені жариялап сайлау қарсаңында «журналистердің үні басылуда» деп ескертті, ал Шекарасыз тілшілер ұйымы Қазақстанда журналистерге жасалып жатқан қысымның күшеюін атап өтті.

Халықаралық стандарттар мен ДИАҚБ-ның бұрынғы ұсынымдарына қайшы, басшылығы тәуелсіз тағайындалатын және тәуелсіз қаржыланатын қоғамдық хабар тарату қызметі жоқ.⁸⁶ МАМ бұқаралық ақпарат құралдарын реттеуші орган функцияларын атқарады, алайда бұл реттеуші органның тәуелсіздігіне қатысты халықаралық деңгейде ұсынылған кепілдіктерге сәйкес келмейді.⁸⁷ МАМ сайлау науқаны барысында бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-бұқаралық ақпарат құралдарына ашықтығы мен жария әдістемесі жоқ түрде мониторинг жүргізді. Сайлау күніне екі күн қалғанда ұсынылған қорытындылар бойынша 21 бұзушылық анықталып, прокурорға жолданды.⁸⁸ Сайлаудың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануына қатысты шағымдар прокуратура мен соттардың құзыретіне жатады, алайда мұндай істердің орын алғаны туралы хабар болмаған.

Конституция пікір білдіру бостандығына кепілдік береді және цензураға тыйым салады. Алайда бұл кепілдіктер көрінеу жалған ақпаратты таратқаны, Президент пен басқа да мемлекеттік лауазымды тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұққаны үшін қылмыстық санкциялармен, жала жапқаны үшін мөлшерлес емес әкімшілік қамауға алумен, сондай-ақ журналистерге қарсы SLAPP талап-арыздары бойынша ұзаққа созылған сот процестерін қамтитын тиісті сот практикасымен шектеледі,⁸⁹ бұл жағдайлар БАҚ бостандығын шектейді.⁹⁰

Сайлау науқанын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды реттеудің қазіргі қолданылып жүрген тәртібі қатаң және сөз бостандығын қорғауға, соның ішінде науқанды сыни тұрғыдан жариялауға қатысты нақты кепілдіктерді қамтымайды. Заңдағы айқындықтың болмауы түсіндірме беру туралы өтініштердің жасалуына себеп болды, оларға билік органдары «рұқсат

⁸⁶ [БАҚ бостандығы және демократия туралы 2023 жылғы бірлескен декларацияда](#) «барлық үкіметтік немесе мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарын бұдан әрі кідіріссіз қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарына айналуы тиіс» деп атап өтілді, ал [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің № 34 жалпы түсіндірмесінің](#) 16-тармағында қатысушы мемлекеттер қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіздігіне нұқсан келтірмейтін тәртіппен қаржыландыруды қамтамасыз етуге тиіс екені көрсетілген.

⁸⁷ [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің № 34 жалпы түсіндірмесінің](#) 39-тармағында «мұны әлі жасамаған қатысушы мемлекеттерге тәуелсіз қоғамдық хабар тарату қызметін лицензиялайтын орган құру ұсынылады» деп көрсетілген.

⁸⁸ 21 тамызда ОСК отырысында МАМ өкілі үгіт науқаны кезеңіндегі мониторинг нәтижелерін ұсынды, алайда іріктеу негізі мен әдістемесін көрсетпеді. Анықталған бұзушылықтар қоғамдық пікір сауалнамаларының заңсыз жариялануына және ақылы контенттің қате таңбалануына немесе мүлдем таңбаланбауына қатысты болды. Нақты мысалдар келтірілген жоқ.

⁸⁹ [Қылмыстық кодекстің](#) 274-бабын және [Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің](#) 73.3-бабын қараңыз. Үгіт науқанына дейінгі кезеңде [блогер Әділетхан Молдаханға](#), журналист [Айжан Мәмешоваға](#), [Orda.kz](#) басылымының бұрынғы бас редакторы [Гүлнар Бажкеноваға](#) және [YouTube блогері Азамат Омаровқа](#) қатысты жалған ақпаратты қасақана тарату және өшпенділік қоздыру айыптары бойынша төрт қылмыстық іс жүргізіліп жатты. 31 шілдеде [KazTag](#) бас редакторы [Әмір Касенов](#) жалған ақпаратты қасақана таратты деген айыппен 15 айға бас бостандығын шектеу және 5 жыл журналистік қызметпен айналысуға тыйым салу жазасына кесілді. 4 тамызда [журналист Александра Алехова](#) дербес деректерді таратқаны үшін үш жылға бас бостандығынан айырылды; Алматы прокуратурасы жазаны жеңілдету туралы [өтінішхат берді](#). 5 тамызда [журналист Динара Егеубаева](#) өзі «қолдан жасалған» деп есептейтін жол-көлік оқиғасынан кейін өзіне қатысты қылмыстық тергеу жүргізіліп жатқанын және ауқымды жалған ақпарат науқанының нысанасына айналғанын мәлімдеді. 12 тамызда Астана полициясы журналист [Лұқпан Ахмедияровқа](#) қатысты жалған ақпаратты қасақана таратқаны үшін қылмыстық іс қозғалғанын растады. 18 тамызда [Гүлнар Бажкенова](#) жалған ақпаратты қасақана тарату және мүлікті иемдену айыптары бойынша 8 жылға бас бостандығынан айырылып, 5 жыл журналистік қызметпен айналысу құқығынан айырылды.

⁹⁰ [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің № 34](#) жалпы түсіндірмесінің 30-тармағында «зандарда тек беделіне нұқсан келген болуы мүмкін тұлғаның кім екендігіне ғана негізделіп, неғұрлым қатаң жазалар көзделмеуі тиіс» деп көрсетілген.

етілетін объективті сынның» шегін белгілеу арқылы жауап берді.⁹¹ Үгіт науқаны барысында бұқаралық ақпарат құралдары сайлауға қатысушылардың барлығын объективті әрі тең дәрежеде жариялауды қамтамасыз етуге тиіс болды және кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпаратты жариялауға тыйым салынды.⁹²

ДИАҚБ СБМ жүргізген медиа мониторингі жалпы алғанда хабар таратушылар мен интернет-бұқаралық ақпарат құралдарының үгіт іс-шараларын шектеулі көлемде жариялағанын және талдамалық жаңалықтар немесе редакциялық материалдар ұсынбағанын көрсетті; сайлау туралы талдамалық немесе журналистік зерттеу материалдары іс жүзінде болған жоқ.⁹³ Бұқаралық ақпарат құралдары лауазымды тұлғалардың қызметін кеңінен жариялады, ал телерадио хабарларын тарату құралдарында сайлауға қатысқан жеті партияның барлығына жиынтық түрде бөлінген материалдардың үлесі Үкіметке, Президентке және басқа да мемлекеттік органдарға арналған материалдардың жиынтық үлесінен аз болды: тиісінше шамамен 35 және 65 пайыз.⁹⁴ ДИАҚБ СБМ медиа мониторингі үгіт іс-шараларының көбіне сипаттамалық тұрғыдан жарияланғанын, ал жаңалықтарда партиялардың логотиптері немесе материалдары жиі бұлыңғырланғанын көрсетті.

ДИАҚБ СБМ жүргізген телерадио хабарларын тарату құралдарының мониторингі «Әділет» партиясына саяси тұрғыдан маңызды жаңалықтарда басқа партияларға қарағанда біршама көбірек орын берілгенін көрсетті: оның үлесі 6.48 пайызды құраса, қалған партиялардың көрсеткіштері 4.38–5.07 пайыз аралығында болды. Сайлауға қатысушылар туралы материалдар негізінен бейтарап сипатта болды.⁹⁵ Интернет-БАҚ мониторингі Үкіметтің, Президенттің және мемлекеттік лауазымды тұлғалардың қызметі кеңінен жарияланғанын анықтады: материалдардың 86 пайызы бейтарап немесе жағымды сипатта болды, ал сайлауға қатысушылардың барлығына жиынтық түрде шамамен 14 пайыз бөлінді және бұл материалдар негізінен бейтарап сипатта болды. Әйел кандидаттар мониторинг жүргізілген телерадио материалдарының 34 пайызында және интернет-БАҚ материалдарының шамамен 7 пайызында қамтылды.

Барлығы 757 бұқаралық ақпарат құралы мен интернет пайдаланушысы ОСК-ға өздерінің жариялау жоспарлары мен жарнама тарифтері туралы хабарлады және осыған байланысты заң

⁹¹ Үгіт кезеңінің ортасына қарай ОСК «саяси партиялар мен кандидаттарды объективті сынауға тыйым салынбағанын» және мұндай сын мен ар-намысқа және қадір-қасиетке нұқсан келтіретін ақпарат арасындағы шекті журналистің өзі айқындайтынын [түсіндірді](#). Бұған дейін журналистердің үгіт және ақпараттық материалдар арасындағы айырмашылыққа қатысты алаңдаушылықтарына жауап бере отырып, ОСК «ақпараттық материалдар дегеніміз – сайлау оқиғалары туралы бейтарап фактілік ақпаратты жариялау және сайлау науқанын жаңалықтар мен талдамалық материалдарда жариялау, бұл ретте жариялау объективті болып қалуға және үгіт белгілерін қамтымауға тиіс» деп түсіндірді.

⁹² 23 шілдеде Бас прокуратура сайлауды жариялау жөніндегі [бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет пайдаланушыларына арналған нұсқаулықты](#) жариялады, оны ХСБМ сұхбаттасушылары үгіт науқаны кезінде сыни жарияланымдарды тежеуге бағытталған деп бағалады.

⁹³ ДИАҚБ СБМ Qazaqstan TV, KTK, Astana TV, 31 арна, 24KZ және Еуразия бірінші арнасы телеарналарына, сондай-ақ [kursiv.kz](#), [kaztag.kz](#), [orda.kz](#), [tengrinews.kz](#), [vlast.kz](#), [zakon.kz](#), [inform.kz](#) интернет-бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізді.

⁹⁴ Жаңалықтар және қоғамдық-саяси бағдарламаларда сайлауға қатысушыларға бөлінген 34,85 пайыздың ішінде мониторинг жүргізілген материалдардың жалпы көлемінің шамамен 31 пайызы бейтарап, 1,8 пайызы жағымды және 1,8 пайызы жағымсыз сипатта болды.

⁹⁵ Жаңалықтар және қоғамдық-саяси бағдарламаларда «Әділет» партиясы туралы материалдардың 0.04 пайызы жағымсыз, ал 0.69 пайызы жағымды сипатта болды. ЖСДП туралы материалдардың 0.17 пайызы жағымсыз және 0.19 пайызы жағымды сипатта болды. «Ауыл» туралы материалдардың 0.84 пайызы жағымсыз және 0.09 пайызы жағымды сипатта болды. «Байтақ» туралы материалдардың 0.04 пайызы жағымсыз және 0.25 пайызы жағымды сипатта болды. «Ақ жол» туралы материалдардың 0.39 пайызы жағымсыз және 0.06 пайызы жағымды сипатта болды. «Respublica» туралы материалдардың 0.09 пайызы жағымсыз және 0.29 пайызы жағымды сипатта болды. ҚХП туралы материалдардың 0.23 пайызы жағымсыз және 0.23 пайызы жағымды сипатта болды.

талаптарына сәйкес сайлауға қатысушылардың барлығына бірдей тарифтер бойынша ақылы эфир уақытын немесе контент орналастыруға арналған кеңістік ұсына алды.⁹⁶ ДИАҚБ СБМ медиа мониторингі ең көп жарнаманы «Әділет» партиясы сатып алғанын, одан кейін ЖСДП мен «Ақ Жол» партиялары тұрғанын көрсетті. Ақылы материалдарға таңбалау қағидалары қолданылғанымен, ДИАҚБ СБМ медиа мониторингі таңбаның болғанына қарамастан, оны әдетте бірден ажырату қиын болғанын көрсетті, бұл халықаралық озық практикаға сәйкес келмейді.⁹⁷

Телевизия арқылы сайлау жөніндегі төрт пікірсайыс ұйымдастырылды, олардың көпшілігі шарттық негізде, ал біреуі ОСК тарапынан тегін өткізілді. Ақылы тақырыптық пікірсайыстар негізінен жұмыспен қамту, білім беру және құқық үстемдігі сияқты әлеуметтік мәселелерге арналды; оларға барлық қатысушылар қатысты.⁹⁸ Оң жайт ретінде әйел кандидаттардың барлық пікірсайысқа қатысқанын атап өтуге болады. Кей пікірсайыстардың форматтары мен модерация тәсілдері жариялау шынайылығына қатысты сұрақтар туғызған болса, тегін пікірсайыста журналистердің сұрақтары болған жоқ.

Жалпы алғанда, жаңалықтар бағдарламаларында үгіт науқанына арналған редакциялық материалдардың шектеулі болуы, талдамалық контент пен үгіт тұғырнамалары туралы мазмұнды медиа материалдардың жоқтығы сайлаушылардың саналы таңдау жасау мүмкіндігін шектейді.

Сайлау дауларын шешу

Азаматтар, саяси партиялар және сайлау процесінің басқа да мүдделі тараптары шағым сипатына байланысты сайлау комиссияларында, соттарда немесе прокуратура органдарында сайлау даулары бойынша өз құқықтарын қорғауға құқылы. Сайлау комиссияларының шешімдеріне, әрекеттеріне және әрекетсіздігіне жоғары тұрған сайлау комиссияларында немесе соттарда дау айтуға болады.⁹⁹ Төмен тұрған сайлау комиссияларының шешімдеріне берілген шағымдар бойынша әкімшілік соттар бірінші саты болып табылады, ал ОСК-ға қатысты дауларды қарауға Жоғарғы Сот құзыретті. Үгіт науқанына немесе сайлау рәсімдеріне қатысты дауларды шешу тетігі іс жүзінде айтарлықтай сыналмаған.¹⁰⁰

Заңнама сайлау дауларын жедел қарауға мүмкіндік беретін қысқартылған мерзімдерді белгілейді.¹⁰¹ Сайлау комиссиялары мен МАМ ықтимал құқық бұзушылықтарға қатысты

⁹⁶ ОСК-ға 18 шілдеге дейін өздерінің жариялау жоспарлары мен жарнама тарифтері туралы хабарлаған барлық бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет пайдаланушыларына осындай шарттар жасасуға рұқсат берілді.

⁹⁷ ДИАҚБ СБМ медиа мониторингі таңбаның ақылы роликтердің немесе ақылы пікірсайыстардың соңында қысқа уақытқа көрсетілгенін, кейде мөлдір әрі әрең оқылатын қаріппен жазылғанын анықтады. [Еуропа Кеңесінің CM/Rec \(2007\)15 ұсынымын](#) қараңыз: «егер бұқаралық ақпарат құралдары ақылы саяси жарнама қабылдаса, реттеу немесе өзін-өзі реттеу негіздері мұндай жарнаманың ақылы жарна ретінде бірден танылуын қамтамасыз етуге тиіс».

⁹⁸ Әлеуметтік желілер арқылы аудиториядан келіп түскен сұрақтарға уақыт бөлінді.

⁹⁹ Егер шағым сайлау комиссиясына және сотқа бір мезгілде берілсе, комиссия мәселені қарауды тоқтата тұрады.

¹⁰⁰ 1966 жылғы [АСКХП-ның](#) 14-бабын, [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің № 25](#) жалпы түсіндірмесінің 2(3)-бабын және [№ 34 жалпы түсіндірмесінің](#) 19-тармағын қараңыз.

¹⁰¹ Соттар істерді бес күн ішінде, ал шағым сайлау күніне бес күн немесе одан аз уақыт қалғанда берілсе, сондай-ақ сайлаушыларды тіркеу жөніндегі шағымдар бойынша дереу қарайды; сайлау комиссиялары сайлауға қатысты құқық бұзушылық жөнінде бес күн ішінде шешім қабылдайды және төмен тұрған сайлау комиссияларының шешімдерін, әрекеттері мен әрекетсіздігін үш күн ішінде қарайды.

істерді құзыретті құқық қорғау органдарына жібере алады.¹⁰² Оң жайт ретінде шағымдар мен апелляцияларды комиссиялар мен соттарға электрондық түрде беруге болатынын атап өтуге болады.¹⁰³

ОСК 21 тамыздағы отырысында сол күнге дейін ОСК-ға шағым түспегенін хабарлады. 21 тамыз жағдайы бойынша ДИАҚБ СБМ-нің ұзақмерзімді байқаушылары АСК-ға екі шағым түскенін хабарлады¹⁰⁴.

Сайлау күніне дейін ДИАҚБ СБМ өңірлік соттардағы сайлауға қатысты бес іс туралы хабардар болды. Олар негізінен партияшілік даулар мен кандидаттарды ұсынуға қатысты болды, ал сайлауға қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша істер болған жоқ.¹⁰⁵ Заң мұндай істерді прокуратураның тікелей қарауы үшін сот және соттан тыс рәсімдерді көздейді.¹⁰⁶ Жеті азамат пен жекеменшік ақпарат құралына мерзімінен бұрын үгіт жүргізгені үшін және әлеуметтік желілерде қоғамдық пікір сауалнамаларын жариялағаны үшін айыппұл салынды.¹⁰⁷ ХСБМ сұхбаттасушылары сайлауға қатысты сот дауларының айтарлықтай азайғанын атап өтіп, мұны тәуелсіз кандидаттардың парламенттік сайлауға енді қатыса алмайтынымен байланыстырды. Сұхбаттасушылар үгіт науқанына қатысты даулардың сайлауға қатысушылар арасында көбіне бейресми түрде шешілгенін де хабарлады. Үгіт кезеңінде Президент бірнеше өңірдегі соттарға, соның ішінде мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттарға, қылмыстық істер жөніндегі соттарға және аудандық соттарға жаңа төрағалар тағайындады.¹⁰⁸

ХСБМ-нің кейбір сұхбаттасушылары саяси сипаттағы істер бойынша сот билігінің бейтараптығына алаңдаушылық білдіріп, қоғамдық істерге қатысуға, пікір білдіру бостандығына және бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне әсер ететін заңдарды

¹⁰² Сайлауға қатысты қылмыстық құқық бұзушылыққа дауыс беруге кедергі келтіру, сайлау құжаттарын немесе нәтижелерін бұрмалау, дауыс беру құпиясын бұзу және дауыстарды сатып алу жатады. Сондай-ақ заңсыз үгіт жүргізгені, жалған ақпарат таратқаны, сайлау науқанын қаржыландыру қағидаларын бұзғаны, бұқаралық ақпарат құралдары мен байқаушылардың жұмысына кедергі келтіргені немесе сайлаушыларды тіркеу кезінде бұзушылықтарға жол бергені үшін әкімшілік немесе өзге де заңды жауаптылық көзделген. Заңды бұзған кандидаттарға немесе саяси партияларға ескерту берілуі мүмкін, ал қайталанған құқық бұзушылық олардың тіркелуін жоюға алып келуі мүмкін.

¹⁰³ [E-Otinish](#) – әртүрлі қоғамдық мекемелер мен мемлекеттік органдарға апелляция, ресми сұрау салу және шағым беруге арналған ресми бірыңғай платформа. Алайда мұндай ақпаратқа тек мүдделі тараптар ғана қол жеткізе алады.

¹⁰⁴ Хабарланған екі жағдайдың бірінде өтінішті басқа органға жолдау ұсынылды, ал екіншісінде тәуелсіз кандидатты тіркеуден бас тарту жөніндегі шешімге сотқа шағым берілді.

¹⁰⁵ Астанада үш іс қозғалды: біріншісінде партияның екі мүшесі «Байтақ» партиясының съезінде кандидаттардың ұсынылу заңдылығына дау айтты, алайда олардың талабы мәні бойынша қанағаттандырусыз қалдырылды; екіншісінде жеке тұлға «Әділеттің» үміткерлер тізімінің заңдылығына дау айтты, бірақ талап соттылықтың болмауына байланысты қайтарылды. Дәл сол тұлға Әділет министрлігінің «Әділет» партиясын тіркеу туралы шешіміне шағымданды, іс заңды күшіне ие болмағандықтан қараусыз қайтарылды. Қызылордада жеке тұлғаның «Ауыл» партиясы өңірлік филиалының төрағасына қарсы талабы соттылықтың болмауына байланысты қайтарылып, кейіннен құзыретті сотқа қайта берілді және соңынан кері қайтарып алынды. Жетісуда тәуелсіз кандидат болуға ниет білдірген адамның талабы қанағаттандырусыз қалып, оған апелляция берілді, алайда соңында соттылықтың болмауына байланысты өтініш берушіге қараусыз қайтарылды.

¹⁰⁶ [Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің](#) 682, 683, 760, 805 және 811-баптарына сәйкес прокуратура сайлауға қатысты құқық бұзушылық жөніндегі істі дербес қарап, айыппұл сала алады.

¹⁰⁷ 21 тамызда [Бас прокуратура хабарлағандай](#), азаматтарға 64 875 теңге, ал жекеменшік бұқаралық ақпарат құралына 129 750 теңге мөлшерінде айыппұл салынды; кінәні мойындауына байланысты айыппұлдар екі есе азайтылды.

¹⁰⁸ [Президенттің 2026 жылғы 29 шілдедегі № 1382 Жарлығын](#) қараңыз.

соттардың шектеуші сипатта түсіндіруін сынға алды.¹⁰⁹ Журналистерге, блогерлерге және азаматтық белсенділерге қатысты қоғамға жария болған бірнеше іс осы нормалардың ықтимал ерікті түрде қолданылуы және олардың сайлау кезеңінде негізгі бостандықтарды жүзеге асыруға ықтимал әсері туралы кеңінен талқылауға себеп болды.¹¹⁰

Шағым берілген жағдайда ОСК жекелеген сайлау учаскелеріндегі немесе әкімшілік-аумақтық бірліктердегі сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тани алады. Сайлау туралы заңға 2026 жылы енгізілген түзетулерге сәйкес тиісті сайлау учаскелерінде немесе әкімшілік-аумақтық бірліктерде қайта дауыс беру құқық бұзушылықтар барлық сайлау учаскелерінің немесе әкімшілік-аумақтық бірліктердің кемінде төрттен біріне әсер еткен жағдайда ғана өтуі мүмкін. Сайлау туралы заңда сайлау нәтижелері жарияланғаннан кейін оларға дау айту арнайы көзделмегенімен, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте сайлаудан кейін бір ай ішінде берілген сайлау құқықтарының бұзылуы туралы шағымдар бес күн ішінде қаралуға тиіс екені белгіленген. Бұл ОСК сайлау нәтижелерін ресми түрде жариялағанға дейін қолда бар барлық шағымдану мүмкіндіктерінің толық пайдаланылуын қамтамасыз етпейді және халықаралық стандарттарға қайшы түрде құқықтық қорғаудың тиімді құралына деген құқыққа нұқсан келтіреді.¹¹¹

Сайлаудың түпкілікті нәтижелеріне олар жарияланғаннан кейін 10 күн ішінде Конституциялық Сотта дау айтуға болады. Бұл құқық Президентке, Премьер-Министрге, Құрылтай Төрағасына немесе Құрылтай мүшелерінің кемінде бестен біріне ғана берілген. 2026 жылғы парламенттік сайлау жағдайында жұмыс істеп тұрған Парламент болмағандықтан, бұл құқық Президент пен Премьер-Министрге ғана тиесілі. Азаматтар мен сайлауға қатысушыларды түпкілікті сайлау нәтижелеріне дау айту құқығынан шеттету халықаралық стандарттарға және ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және халықаралық озық практикаға қайшы келеді.¹¹²

Сайлауды байқау

Сайлау туралы заң сайлауды ішкі және халықаралық байқауды көздейді. ОСК СІМ немесе ОСК шақырған жағдайда халықаралық байқаушыларды аккредиттейді. ОСК 13 халықаралық ұйым мен 42 елден 777 халықаралық байқаушыны аккредиттеді. Ішкі байқаушыларды саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер және коммерциялық емес ұйымдар жібере алады.

¹⁰⁹ Олар Қылмыстық кодекстің 158, 174 (алауыздық қоздыру), 274 (жалған ақпарат тарату), 375 (журналистің заңды кәсіптік қызметіне кедергі келтіру), 376 (Президент пен Парламент депутаттарының ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғу) және 378-баптарына (билік өкілін қорлау), сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 120-бабына және үгіт науқанын жариялауға қатысты соңғы түзетулеріне сілтеме жасады. Сондай-ақ «Бұқаралық ақпарат құралдары» бөлімін қараңыз.

¹¹⁰ 21 шілдеде азаматтық белсенді Нұржан Сембаев Қылмыстық кодекстің 405 және 258-баптары бойынша алты жылға бас бостандығынан айырылды («Бұқаралық ақпарат құралдары» бөлімін де қараңыз). ХСБМ сұхбаттасушылары журналистерге қатысты екі іс – құқық қорғау органдарының заңды талаптарына бағынбады деген айыппен жауапкершілікке тартылған MSU.CITY ақпарат құралының басшысы Мұрат Нұрғалимовқа қатысты әкімшілік іс және жол-көлік оқиғасынан кейін журналист Динара Егеубаеваға қатысты қозғалған қылмыстық іс («Бұқаралық ақпарат құралдары» бөлімін қараңыз) – сайлау кезеңінде БАҚ қызметіне араласуға бағытталған үйлестірілген әрекеттерді көрсетеді деп есептеді.

¹¹¹ Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 25-тарауы. 1966 жылғы [АСКХП-ның](#) 2.3(а)-бабында «осы құжатта танылған құқықтары немесе бостандықтары бұзылған кез келген адам құқықтық қорғаудың тиімді құралына ие болуға тиіс...» деп көрсетілген.

¹¹² 1966 жылғы [АСКХП-ның](#) 2.3(а)-бабында «осы құжатта танылған құқықтары немесе бостандықтары бұзылған кез келген адам құқықтық қорғаудың тиімді құралына ие болуға тиіс...» деп көрсетілген. Сондай-ақ [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің № 25 жалпы түсіндірмесінің](#) 20-тармағын қараңыз. [1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының](#) 5.10-тармағында «негізгі құқықтардың сақталуына кепілдік беру және құқықтық тұтастықты қамтамасыз ету үшін әркімнің әкімшілік шешімдерге қарсы құқықтық қорғаудың тиімді құралдары болады» деп көрсетілген. [Венеция комиссиясының 2002 жылғы Сайлау мәселелеріндегі озық практика кодексінің](#) 3.2(f)-тармағында «тиісті сайлау округінде тіркелген барлық кандидаттар мен барлық сайлаушылардың шағым беруге құқығы болуға тиіс» деп көзделген.

Жарғысында сайлауды байқау қызметі көзделген ұйымдар ғана оған құқылы. Заңға сәйкес аккредиттелген ұйымдар аккредиттеуші комиссияның жауапкершілік аумағында бір жыл бойы сайлау циклдерінің барлық кезеңін байқай алады.

Қазақстандағы ішкі байқау аясы алуан түрлі. 20 тамыздағы жағдай бойынша 265 байқаушылар ұйымы аккредиттелген, олардың 13-ін ОСК, ал 252-сін АСК аккредиттеді. ХСБМ-нің бірнеше сұхбаттасушысы аккредиттелген бірқатар байқаушылар ұйымының тәуелсіздігіне аландаушылық білдіріп, олардың бейтараптығы мен кәсібилігіне күмән білдірді.¹¹³

ХСБМ-нің бірнеше сұхбаттасушысы бірлесу бостандығына қойылған шектеулерге, азаматтық қоғам ұйымдарын қаржыландыру шектеулілігіне, билік органдарының қысымына және ұйымдардың жарамдылығына қатысты белгісіздікке сілтеме жасай отырып, сайлауды тәуелсіз байқау кеңістігінің айтарлықтай тарылғанын атап өтті.¹¹⁴ Сайлауға қатысты кез келген қызметті шетелден қаржыландыруға салынатын тыйымның аясын кеңейткен Сайлау туралы заңға 2026 жылы енгізілген түзетулердің аясы кең әрі нақты емес тұжырымдалуы және билік органдарының оларды бір-біріне қайшы тәсілдермен түсіндіруі байқаушылардың өз жұмысын орындау мүмкіндігіне негізсіз кедергілер келтірді, бұл ЕҚЫҰ міндеттемелеріне қайшы келеді.¹¹⁵ Кейбір азаматтық қоғам ұйымдары ХСБМ-ге осы қағидаларды қолдануға қатысты белгісіздік олардың сайлауды байқауға қатысуға құлықсыз болуына себеп болғанын хабарлады. ХСБМ сұхбаттасушылары ОСК аккредиттеген 13 ұйымның тек бесеуі ғана негізінен сайлау күніне назар аудара отырып, осы сайлауды байқауды жоспарлағанын хабарлады; олар бірнеше ондағаннан бірнеше мыңға дейін байқаушы жіберуді жоспарлады.

Сайлау күні

Сайлау күні ұйымдасқан әрі тыныш өтті, үгіт жүргізуге тыйым салу режимін бұзу жағдайлары байқалған жоқ. ОСК күні бойы дауыс беру барысы, соның ішінде сайлаушылардың дауыс беруге қатысуы туралы ақпарат жариялады. ОСК деректеріне сәйкес, алдын ала қатысу көрсеткіші 74,19 пайызға жетті, бұл ретте өңірлер арасында, соның ішінде Алматыда (43,23 пайыз) және Астанада (51,67 пайыз) елеулі айырмашылықтар болды. Күні бойы ХСБМ байқаушылары дауыс бергені байқалған сайлаушылар саны мен ресми түрде жарияланған қатысу көрсеткіштері арасында елеулі айырмашылықтарды атап өтті.¹¹⁶ ОСК сайлаудың алдын ала нәтижелерін сайлау түні жарияламады, бұл ашықтықты төмендетті

ХСБМ 127 сайлау учаскесінің ашылуын байқады және олардың екеуінен басқасында процесті оң бағалады. Дауыс беру 1 327 сайлау учаскесінде байқалып, олардың 98 пайызында оң

¹¹³ Қазіргі уақытта сайлауды байқауға аккредиттелген 265 ұйымның екеуі ғана – «Еркіндік қанаты» және «Қазақстанның жастар ақпараттық қызметі» – [Азаматтық ұйымдардың сайлауды бейтарап байқауы мен мониторингі жөніндегі жаһандық қағидадар декларациясын](#) мақұлдаған.

¹¹⁴ Сайлау туралы заңға түзетулер енгізілгеннен кейін ОСК, Әділет министрлігі және МАМ оларды бастапқыда шетелден қаржыландырылатын барлық ұйымдарды байқауға қатысудан шеттететін нормалар ретінде түсіндірді. Үгіт науқаны барысында ОСК шектеулердің кері күші болмайтынын және шетелдік қаржыландырудың өзі байқаушылардың аккредиттеуін жоюға негіз болмайтынын, әрбір істің жеке қаралатынын түсіндірді. ДИАҚБ СБМ-ге аккредиттелген екі байқаушылар ұйымынан өз жарғыларына «байқау» сөзінің мағынасын жақсырақ көрсетеді деп болжанған басқа қазақша термин енгізу талап етілгені туралы хабарланды. Өзгертілген жарғылардың бірі бойынша АСК шешімі күтіліп жатыр.

¹¹⁵ [1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының](#) 8-тармағында «қатысушы мемлекеттер шетелдік және ішкі байқаушылардың қатысуы мемлекеттердегі сайлау процесін жақсартып алады деп есептейді» деп көрсетілген.

¹¹⁶ Сайлау күні бойы ХСБМ байқаушылары байқау жүргізілген барлық сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізіміне тіркелген немесе сайлау күні тізімге енгізілген сайлаушылар саны, байқаушылар келген сәтте дауыс беріп үлгерген сайлаушылар саны, сондай-ақ олар кеткен сәтте дауыс беріп үлгерген сайлаушылар саны туралы деректер жинады. Осы деректердің статистикалық талдауы дауыс берген сайлаушылар санының ресми түрде хабарланған көрсеткіштен айтарлықтай төмен болғанын көрсетеді.

бағаланды; ХСБМ байқаушылары процесті тыныш әрі жақсы ұйымдастырылған деп сипаттады. Сайлау учаскелерінің қызметкерлері арасында әйелдер кеңінен қамтылып, УСК мүшелерінің 74 пайызын және төрағалардың 68 пайызын құрады.

Мүгедектігі бар адамдардың қатысуына жағдай жасау бойынша орталықтан үйлестірілген күш-жігерге қарамастан, байқау жүргізілген сайлау учаскелерінің шамамен 17 пайызы мүгедектігі бар сайлаушылардың өз бетінше кіру мүмкіндігін қамтамасыз етпеді, 5 пайызының орналасуы мұндай сайлаушыларға қолайсыз болды, ал 3 пайызында арнайы жабдық болмады.

Байқау жүргізілген сайлау учаскелерінің 85 пайызында партиялардың сенім білдірілген адамдары немесе байқаушылар, ал 79 пайызында азаматтық байқаушылар болды. Осы бақылаушылардың кейбіреулері өздерінің қай ұйым өкілдері екенін көрсете алмады. Байқау жүргізілген сайлау учаскелерінің 5 пайызында рұқсаты жоқ адамдардың болғаны хабарланды, алайда УСК жұмысына араласу туралы хабарламалар өте аз болды.

Сайлаушылардың жеке басын сәйкестендіру рәсімдері негізінен сақталды. ХСБМ байқаушылары байқау жүргізілген сайлау учаскелерінің 11 пайызында бір немесе бірнеше сайлаушының дауыс беруге жіберілмегенін хабарлады; көбінесе бұған олардың басқа сайлау учаскесіне келгені себеп болды. ХСБМ байқаушылары бірқатар елеулі рәсімдік кемшіліктер, соның ішінде сайлаушылар тізіміндегі бірдей болып көрінетін қолтаңбалар топтамасы (3 пайыз), топ болып дауыс беру (1 пайыз) және тиісті жеке басын куәландыратын құжаты жоқ сайлаушылардың дауыс беруге жіберілуі (1 пайыз) туралы хабарлады. Байқау жүргізілген сайлау учаскелерінің 5 пайызында барлық сайлаушы бюллетеньдерін жасырын толтырмаған.

ХСБМ байқаушылары сайлаушыларға қысым жасалғанын көрсететін аландаушылық туғызатын белгілер туралы хабарлады. Байқау жүргізілген сайлау учаскелерінің 6 пайызында сайлаушылардың өз бюллетеньдерін суретке түсіргені байқалды, ал ХСБМ байқаушылары кейбір сайлаушылардың бұл суреттер жұмыс берушілеріне кімге дауыс бергендерінің дәлелі болатынын айтқанын естіді.¹¹⁷ Сондай-ақ ХСБМ байқаушылары УСК мүшесі болып табылмайтын адамдардың дауыс беруге келген сайлаушылардың есебін жүйелі түрде жүргізген жағдайлары туралы хабарлады.

Байқау жүргізілген сайлау учаскелерінің 8 пайызында дауыс беру кезіндегі ашықтыққа қатысты елеулі проблемалар хабарланды, олардың бірі – байқаушылар рәсімдерді анық көре алмағаны. ХСБМ байқаушыларының едәуір бөлігіне сайлаушылар тізімімен танысуға рұқсат берілмеді. Сайлаушылар тізімін көзбен қарап тексеру мүмкін болған учаскелерде сайлау учаскесінің қызметкерлері дауыс берді деп хабарлаған сайлаушылар саны көбінесе тізімде байқалған қолтаңбалар санынан артық болды. Көптеген ХСБМ байқаушыларына дауыс беріп үлгерген сайлаушылардың саны туралы ақпарат берілмеді.

Байқау жүргізілген 119 сайлау учаскесінің 40-ында елеулі рәсімдік бұзушылықтар мен олқылықтарға байланысты дауыстарды санау теріс бағаланды. Салыстырып тексерудің маңызды рәсімдері жиі сақталмады, бұл дауыстарды санау процесінің адалдығына күмән келтірді. Атап айтқанда, УСК-лар сайлаушылар тізіміндегі сайлаушылардың жалпы санын (64 жағдай), сайлаушылар тізіміндегі сайлаушылар қолтаңбаларының санын (66 жағдай), пайдаланылмаған бюллетеньдер санын (32 жағдай) немесе дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін не тасымалданатын дауыс беру жәшігін пайдаланған сайлаушылар санын (тиісінше 29 және 20 жағдай) анықтамаған және жарияламаған. Дауыс беру жәшігі ашылғаннан кейін де рәсімдік бұзушылықтар байқалды. 15 жағдайда барлық дауыс беру

¹¹⁷

Тәуелсіз байқаушылар да қызметкерлерге, студенттерге және көппәтерлі үйлердің тұрғындарына дауыс беру үшін қысым көрсетілген жағдайлар туралы хабарлады.

жәшіктерінен табылған бюллетеньдердің жалпы саны анықталмады, ал 8 жағдайда бұл сан дауыс берген сайлаушылар санынан асып кетті. 76 жағдайда УСК әрбір бюллетеньнің кімге берілгенін жарияламады. ХСБМ байқаушылары 12 санау рәсімінде бюллетеньдердің жарамдылығы заңда көзделген өлшемшарттар негізінде анықталмағанын және 13 санау рәсімінде оның бірізді анықталмағанын хабарлады. Байқау жүргізілген 45 санау рәсімінде УСК нәтижелердің математикалық сәйкестігін тексеру үшін белгіленген бақылау формуласын пайдаланбады.

25 санау рәсімінде нәтижелер туралы хаттамалар толық әрі қаламмен толтырылмады; 50 санау рәсімінде көрсеткіштер хаттамаға енгізілгенге дейін дауыстап жарияланбады. Төрт хаттамаға УСК мүшелері алдын ала қол қойған. 37 санау рәсімінде хаттама қоғамның танысуы үшін орналастырылмады, ал 32 санау рәсімінде ХСБМ байқаушылары хаттаманың көшірмесін алуға құқылы болғанына қарамастан, оларға көшірме берілмеді. Партиялардың сенім білдірілген адамдары мен байқаушылар және азаматтық байқаушылар байқау жүргізілген санау рәсімдерінің тиісінше 70-і мен 72-сіне қатысты. Көптеген ХСБМ байқаушылары дауыстарды санау кезіндегі ашықтыққа қатысты проблемалар туралы хабарлады: 29 жағдайда оны теріс бағалады және 28 жағдайда барлық байқаушының санау барысын анық көру мүмкіндігі болмағанын мәлімдеді.

Жалпы алғанда, дауыстарды санау кезінде байқалған проблемалар процестің осы тұсының адалдығына, сондай-ақ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.4-тармағында талап етілгендей, бюллетеньдердің адал саналып, нәтижелердің адал хабарланғанына қатысты елеулі алаңдаушылық туғызады.

Нәтижелерді жинақтау байқау жүргізілген 91 АСК-ның 72-сінде оң бағаланды, ал теріс бағалар негізінен ашықтық жеткіліксіздігіне байланысты болды. 25 АСК-да ХСБМ байқаушыларының байқау жүргізу мүмкіндіктері шектелді, ал 26 АСК-да қатысушылардың барлығы нәтижелерді жинақтау процесін анық көре алмады. ХСБМ байқаушылары тиісінше 10 және 8 АСК-да үй-жайлардың талаптарға сай келмегені және адамдардың шамадан тыс көп болғаны туралы хабарлады. Сондай-ақ олар бірқатар рәсімдік проблемалар, мысалы, УСК-лардың нәтижелер туралы хаттамаларын АСК-ның бұрын қабылданған шешімінсіз өзгертуі (7 АСК-да), УСК-лардың хаттамаларын АСК-ға келгеннен кейін ғана толтыруы (12 АСК-да), сондай-ақ нәтижелерді немесе хаттамаларды қасақана бұрмалаудың 2 жағдайы туралы хабарлады. Партиялардың сенім білдірілген адамдары мен байқаушылар және азаматтық байқаушылар тиісінше небәрі 3 және 4 АСК-да болды. АСК хаттамаларын немесе сайлау учаскелері бөлінісіндегі сайлау нәтижелерін жариялауды талап ететін құқықтық нормалардың болмауы нәтижелерді жинақтау процесінің ашықтығын одан әрі төмендетеді.

Бас прокуратура сайлау күніне қатысты ешқандай шағым алмағанын және соттарға да ешқандай шағым берілмегенін хабарлады. Прокурорлар толтырылған бюллетеньдерінің фотосуреттерін жариялаған жеті азаматқа заңсыз үгіт жүргізгені үшін айыппұл салды.

***Осы есептің ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз ресми құжат болып табылады.
Қазақ және орыс тілдеріндегі бейресми аудармалар қолжетімді.***

МИССИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ АЛҒЫС БІЛДІРУ

Астана, 2026 жылғы 24 тамыз – Осы Алдын ала қорытындылар мен тұжырымдар туралы мәлімдеме Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ), ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының (ЕҚЫҰ ПА) және Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының (ЕКПА) бірлескен жұмысының нәтижесі болып табылады. Бағалау сайлаудың ЕҚЫҰ міндеттемелеріне, Еуропа Кеңесінің стандарттарына, демократиялық сайлауға қатысты басқа да халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға, сондай-ақ ұлттық заңнамаға сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізілді. Сайлауды байқау жөніндегі осы халықаралық миссияға қатысатын мекемелердің әрқайсысы Сайлауды халықаралық байқау қағидаттары туралы 2005 жылғы декларацияны мақұлдаған.

ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы төрағасы Габор Хайдуды ЕҚЫҰ-ның қысқамерзімді байқаушылар миссиясының арнайы үйлестірушісі және басшысы етіп тағайындады. Луция Тацер Перлин ЕҚЫҰ ПА делегациясын, ал Севилай Челенк ЕКПА делегациясын басқарды. 10 шілдеден бастап жұмыс істеп келе жатқан ДИАҚБ СБМ-ін Елші Винсент Пикет басқарады.

Осы Алдын ала қорытындылар мен тұжырымдар туралы мәлімдеме сайлау процесі аяқталғанға дейін ұсынылып отыр. Сайлаудың түпкілікті бағасы ішінара сайлау процесінің қалған кезеңдерінің, соның ішінде дауыстарды санаудың, нәтижелерді жинақтау мен жариялаудың, сондай-ақ сайлау күнінен кейін берілуі мүмкін шағымдар мен апелляцияларды қараудың қалай өтетініне байланысты болады. ДИАҚБ сайлау процесі аяқталғаннан кейін бірнеше айдан соң ықтимал жетілдірулер жөніндегі ұсынымдарды қамтитын толық қорытынды есепті жариялайды. ЕҚЫҰ ПА өз есебін келесі жарғылық жиналысында ұсынады. ЕКПА өз есебін Парламенттік ассамблеяның келесі бөлімдік сессиясында ұсынады.

ДИАҚБ СБМ құрамына елордадағы 15 сарапшы және бүкіл ел аумағында жұмыс істейтін 22 ұзақмерзімді байқаушы кіреді. Сайлау күні 43 елден 339 байқаушы, соның ішінде ДИАҚБ жіберген 206 байқаушы, сондай-ақ ЕҚЫҰ ПА-ның 23 мүшеден тұратын делегациясы және ЕКПА-ның 23 мүшеден тұратын делегациясы жұмыс істеді. Байқаушылардың 61 пайызын әйелдер құрады. 127 сайлау учаскесінің ашылуы, сондай-ақ бүкіл ел бойынша 1 327 сайлау учаскесіндегі дауыс беру процесі бақыланды. 119 сайлау учаскесінде дауыстарды санау және 91 аумақтық сайлау комиссиясында (АСК) нәтижелерді жинақтау процесі бақыланды.

Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссия (СБХМ) Қазақстан билігіне сайлауды байқауға шақырғаны үшін, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясы мен Сыртқы істер министрлігіне көрсеткен көмегі үшін алғыс білдіреді. СБХМ басқа да мемлекеттік мекемелерге, саяси партияларға, кандидаттарға, бұқаралық ақпарат құралдарына, азаматтық қоғам ұйымдарына және халықаралық қоғамдастық өкілдеріне ынтымақтастығы үшін ризашылығын білдіреді.

Қосымша ақпарат алу үшін мына тұлғаларға хабарласыңыз:

Елші Винсент Пикет, Астанадағы ДИАҚБ СБМ басшысы (+7 771 772 9311), 4 қыркүйекке дейін;
Томас Раймер, ДИАҚБ баспасөз хатшысы (+48 609 522 266) немесе Елена Ковалёва, Варшавадағы ДИАҚБ сайлау мәселелері жөніндегі кеңесшісі (+48 695 916 662);
Нэт Пэрри, Байланыс және баспасөз, ЕҚЫҰ ПА (+45 60 10 81 77);
Сильви Аффхолдер, ЕКПА сайлау бөлімінің бастығы, (+33 7 60 19 75 05).

ДИАҚБ СБМ мекенжайы:

Қазақстан, 010000, Астана қ., Қошқарбаев даңғылы, 1/1
Downtown бизнес орталығы, Токуо ғимараты, 5-қабат
эл. пошта: office@odihr-kz.org